Орман 17 рет өртке оранды
3-бет

Түркі сазын түгендеген...
6-бет

Тәттімбет есімі Түркияда ұлықталды
8-бет

ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

ORTALYQ QAZAQSTAN

1931 жылдың 4 қазанынан бастап шығады

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

www.ortalyq.kz www.instagram.com/ortalyq.kz/ БЕЙСЕНБІ, 7 ҚЫРКҮЙЕК, 2023 ЖЫЛ №99 (23 275) www.facebook.com/ortalyq.kz/ info@ortalyq.kz

● МӘСЕЛЕНІҢ МӘНІСІ

Оқушылар неше күн оқиды?

Қарағанды облысының мектептерінде биыл 6 күндік оқу кестесі енгізілді. Мұндай шешім жоғары сынып оқушыларына өткізілетін сабақтардың көптігіне байланысты қабылданған. Өткен оқу жылында оқушылар мектептен кешкі сағат 21:00-де қайтқан кездері болыпты. Биылғы оқу жылында ата-аналар тарапынан шағым көп түскен соң 5 күндік оқу кестесін 6 күнге бөлуге рұқсат берілген.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағанды облысының білім басқармасы өңір мектептерінде 6 күндік оқу кестесінің енгізілу себебін түсіндірді.

«Қолданыстағы санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес бірінші және екінші ауысымдағы сабақтар арасындағы үзілістердің ең аз уақыт лимиті бекітілді. Кестеге байланысты сабақты 08:00-де бастайтын мектептерде бірінші ауысымдағы сабақтар сағат 14.05-те (7 сабақ) аяқталатын. Екінші ауысым сағат 14:45-те басталатын сабақтар кешкі сағат 20:50-де (7 сабақ) аяқталды. Өткен жылы екінші ауысымда білім алатын оқушылардың ата-аналар қауымы сабақтардың тым кеш, қыс кезінде, тіпті, қараңғыда аяқталатынына наразылық білдірді. Осы себепті 7, 8, 9, 10 және 11 сынып оқушыларының сабақтарын 6 күнге бөлу туралы шешім қабылданды. Осылайша күн сайын өтетін сабақтар саны 6-ға дейін қысқарады, ал сенбі күндері тек 4 сабақ болады», – делінген хабарламада.

Айта кетейік, мұндай шешімнің 7 сыныптан төмен сыныптарға қатысы жоқ. Өйткені, олардың жүктемесі 30 сағаттан аспайды. Сондай-ақ, 5 күндік оқу ережесі бір ауысымда білім алатын мектептерде де қалдырылды.

● МАРАПАТ

Тіл жанашырлары төрге озды

Кеншілер астанасында Қазақстан халқы тілдері күні мерекесіне орай жыл сайын дәстүрге айналған Қарағанды облысы әкімінің «Тіл жанашыры» сыйлығын табыстау салтанаты өтті. Аталған сыйлық сегіз номинация бойынша анықталған жеңімпаздарға табысталды.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағанды облысы әкімінің «Тіл жанашыры» сыйлығы Қазақстан халқы тілдері күні мерекесіне орай мемлекеттік тілдің қоғамдық рөлі мен маңызын арттыру, тілдерді дамытуға, мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асыруға үлес қосқан тұлғаларды ынталандыру және оларға қолдау көрсету мақсатында 2012 жылдан беріліп келеді. Осы уақыт аралығында 400-ден астам адам қатысып, қызмет саласында тілге жанашырлығын танытқан озаттар марапатталды. Биыл «Тіл жанашыры» сыйлығының лауреаттарын іріктеу жөніндегі комиссия 8 номинация бойынша қатысуға ниет білдірген 35 адамның жұмысын қараған.

Салтанатты шарада Қарағанды облысы әкімінің орынбасары Бауыржан Асанов құттықтау сөз сөйледі.

– Бұл мереке – еліміз үшін маңызды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Халқымыздың тарихы да, тағдыры да – тілінде. Тіл өткен тарихпен ғана емес, бүгін мен болашақты байланыстыратын маңызды құрал», – деп атап айтты. Елімізде барлық этнос өкілдерінің ана тілін дамытуға барынша жағдай жасалып келеді. Оның ішінде мемлекеттік тілді қолдану аясын кеңейту шаралары жүйелі. Мемлекеттік тілге деген сұраныс жоғары. Заман талабына сай тіл оқыту жұмыстары, жаңа технология, үздік әдістемелермен жетілдірілді. Аймақта қазақ тілінде тәлім-тәрбие, білім беретін балабақшалар мен мектептердің саны жыл сайын артуда. Тіл саясатын іске асыру бағытында атқарылып жатқан жұмыстар мен жетістіктерге облысымыздағы тіл жанашырларының да қосар үлесі мол, – дей келе, облыс әкімінің орынбасары Бауыржан Қоңырбайұлы мереке күні өңіріміздегі тіл саясатын жүзеге асыруда, мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейтуге зор үлес қосып, айрықша еңбек етіп жүрген азаматтарға алғыс білдірді.

Сондай-ақ, облыс әкімінің орынбасары «Тіл жанашыры» сыйлығының ең басты жүлдесі «Тіл майталманы» номинациясының лауреатына марапат табыстады. Бас жүлде Қазақ тілі оқытушыларының халықаралық бірлестігінің мүшесі, Қарағанды облыстық тілдерді оқыту орталығының директоры Алмагүл Игеноваға берілді. Марапат иесіне «Тіл жанашыры» сыйлығының мүсіні, арнайы диплом және 1 млн. теңге көлемінде ақшалай сыйлық табыс етілді.

«Мемлекеттік тіл – бизнесте» номинациясы бойынша «Тіл жанашыры» сыйлығы BioHumus ғылыми білім беру орталығының жетекшісі, жаратылыстану ғылымдарының магистрі, PhD доктор Арайлым Серікбайға табысталды.

2-бет

● ӨЗЕКТІ

Бетеге кетіп, бел қалды

Биыл аймақ жазы жауынсыз өтті. Бір айлық жауын жаз соңында жауып, қала қауымын әбігерге салса да, ауылдағы ағайынды қарық қылмады. Себебі, жауын болмаса, жерге қылтанақ шықпасы хақ. Шабуға шөп таппай, өзге өңірден жаншылған жоңышқа алдыруға мәжбүр жұрттың жағдайы мәз емес. Оңтүстікте орта есеппен бір бума жоңышқа – 1500-1600 теңге. Ал, бір үйдің 40-50 қой-ешкі, 15-20 сиыры мен 7-8 жылқысына кемінде 150-200 бума жоңышқадан есептелсе, 200-300 мың теңгеге шығады. Қалта қағар қаражат. Тумысынан алабота мен боз, қалаберді жусан мен қияқ қана татқан Арқа малына бірінші-екінші орымның көк жоңышқасы майлы болатыны бар. Олар оған үйренгенше сіңіре де алмайды. Сиыр сүтінің дәмі өзгеріп, тіпті, шамадан тыс көп жеген малдың кеудесін алып, ауыруы да ғажап емес. Бұл – Арқаның жылдағы көк қиясы, бозды-бетегесі аралас көк майсасының жоқтығының әсері. Дәнді дақылдардың да барар жері осы. Мәселе – облыс басшылығының назарынан тыс қалды дей алмаймыз. Бұған дейінгі өткен бірқатар жиындарда облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев қысқа дайындық, оның ішінде, мал азығының жетіспеушілігін де баса назарға алған болатын.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыс бойынша биыл 994 мың гектар жерден 940,4 мың тонна көлемінде астық жиналуы керек. Оның 813,4 мың гектары бидай, 160,4 мың гектары арпа, ал, 13,7 мыңға жуық гектары сұлы. Аймақта қыстауға түсер мал басы – 458 мың ірі қара, 696 мың қой-ешкі, 312 мың жылқы екен.

Осынша малды Арқаның ақшұнақ аязынан шашаусыз шығару үшін 1,9 млн. тонна жемшөп қажеттігі бар.

4-бет



● БӘРЕКЕЛДІ!

Айсұлтан абырой биігінде

Әріптесіміз, «LIFE 09» ақпарат агенттігі бас редакторының орынбасары Айсұлтан Жақып облыс әкімінің «Тіл жанашыры» сыйлығының «Тіл жаршысы» аталымын жеңіп алып, медиахолдингтің мерейін тасытты.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Айсұлтан Мұхамедияұлы көп жылдан бері жемісті еңбек етіп келе жатқан танымал журналист, блогер. Әлеуметтік желіде 54 мың оқырманы бар оның «Кейіпкер», «Бес сөз» сынды жобалары елдің қолдауы мен ыстық ықыласына ие болған. Айсұлтан мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру жолында әлі де аянбай тер төгетініне сенеміз.



● 10 ҚЫРКҮЙЕК – ОТБАСЫ КҮНІ

«Қоғам – тірі ағза»

Отбасы, ошақ қасындағы әйел заты зорлық-зомбылықтан көз ашпай тұр. Қорлықты өзгеден емес, күйеуінен көреді. Ішкі істер министрлігінің берген ресми мәліметіне сүйенсек, былтыр республика бойынша тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы 100 мың хабарлама тіркеліпті. 668 қылмыс жасалған. Облысымыздағы көрсеткіш те оңып тұрған жоқ. Кейінгі 7 айдың ішінде 88 жағдай орын алған. Бес әйел қаза болып, он бірін өз-өзіне қол жұмсауға дейін жеткізген. Он төртінің денсаулығына ауыр зақым келген. Қоғамның бұл індетіне Президент Қасым-Жомарт Тоқаев та назар аударды. «Статистика көңіл көншітпейді. Соңғы екі жарым жылда үйдегі зорлық-зомбылықтың салдарынан 300 адам көз жұмды. Денсаулыққа ауыр зиян келтірудің 878 фактісі және орташа зиян келтірудің 808 фактісі тіркелген. Осындай құқықбұзушылықтар бойынша 37 мыңнан астам адам әкімшілік жауапкершілікке тартылды», – деді Президент.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кәсіби отбасылық психолог, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің оқытушысы Салтанат Смағұлова нақты себептерді атап отыр. Қазір – нарықтың дәуірі. Еркегі түзге кетіп, әйелі үй бағып отыратын заман емес. Екі жақтап тыраштанбаса, болмайды. Кәсіп ашып, көп-көрім ақша тауып жүрген әйелдер қазір көп. Себебі, жауапкершілігі төмен, еңбекке құлықсыз ерлердің қоғамдағы үлесі артып келеді. Міне, сол белсенділігі төмен ер адамдар белсенді әйелдерден өз мәртебесін қызғанады екен.

– Конфликтілік жағдайдың қол көтерумен аяқталуын аналармен жеке кеңесте талдағанымызда түрлі себеп-салдар анықталды. Мысалы, материалдық жағдайдың төмендігі. Осыған байланысты аналардың жеке кәсіппен айналысуы, екі немесе одан да көп жерде жұмыс істеуі. Нәтижесінде отбасына аз уақыт бөлуі. «Жұмыс істеп, қаржы таппасақ, ай сайынғы төлемдерді уағында төлей алмаймыз. Ал, жұмыспен жүріп отбасына аз уақыт бөлетініміз рас. Осыдан келіп, «уағында ас ішпейміз, осы үйге қонақ келуді қойды» деген сияқты күңкіл бірте-бірте келіспеушілікке, соңында ер адамнан таяқ жеуге дейін апарады» дейді жәбір көрген аналарымыз, – деді Салтанат Смағұлова.

5-бет

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ: ●EUR/KZT 494.28 ●USD/KZT 459.97 ●RUB/KZT 4.71 ●CNY/KZT 62.98

Қазақстан Ұлттық Банкінің 6 қыркүйек, 2023 жылғы дерегі бойынша

Тіл жанашырлары төрге озды

(Соңы. Басы 1-бетте)

«Тіл білгірі» номинациясымен мемлекеттік тілді еркін меңгерген өзге ұлт өкілі, Қ.Сәтбаев атындағы мектеп-гимназия директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, қазақ тілі пәнінің мұғалімі Ольга Тим марапатталды.

Саран қаласы тілдерді дамыту орталығының оқытушысы Динара Жүпенова «Үздік оқытушы» номинациясы бойынша «Тіл жанашыры» сыйлығының лауреаты болды.

Мемлекеттік тіл саясатының өзекті мәселелерін жүйелі әрі сапалы жариялағаны және материал беру бірегейлігі үшін берілетін сыйлықтың «Тіл жаршысы» номинациясымен әлеуметтік желіде 54 мың оқырманы бар блогер, журналист әріптесіміз Айсұлтан Жақып марапатталды.

Тіл саясатын жүзеге асыру бағытындағы өзекті мәселелерді қамтып, хабар дайындаған өңірдің бұқаралық ақпарат құралдары өкілдеріне берілетін «Үздік телехабар» номинациясы «Saryarqa» телеарнасының шеф-редакторы, танымал журналист Гүлбақша Ақажановаға бұйырды.

Ал, Шет ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, денешынықтыру және спорт бөлімінің бас маманы Гүлзада Махмұтова «Мемлекеттік тіл – мемлекеттік қызметте» номинациясы бойынша жеңімпаз атанды.

«Жас полиглот» номинациясында Теміртау қаласы №9 лицейінің шет тілі пәнінің мұғалімі, I санатты педагог Данияр Жаңабаев жеңіске жетті.

Барлық жеңімпаздарға «Тіл жанашыры» сыйлығының мүсіні, арнайы диплом және 500 мың теңге ақшалай сыйлық табысталды.

Қарағанды облысы әкімінің «Тіл жанашыры» сыйлығының ең басты жүлдесі – «Тіл майталманы» номинациясының лауреаты атанған Алмагүл Игенова өз әсерімен бөлісті.

– Еңбектің бағаланғаны қуаныш, әрине. Бұл, ең алдымен, жауапкершілік. Осы жеңіс менің ғана емес, әріптестерімнің де жеңісі. Өйткені біз үлкен жобаларды әріптестерімізбен бірге жасаймыз. Осы байқауға соңғы үш жылда жарық көрген еңбектерімізді, жетістіктерімізді ұсындық. Бағдарламасы Жоғары сотта мақұлданған сот саласының қызметкерлеріне арналған 3 деңгейлік оқу-әдістемелік кешенін жасадық, аудиоқұралымен бірге. Республика бойынша барлық сот жүйесінде біз шығарған оқу құралымен оқытады. Сондай-ақ, Қарағанды облысында ғана бар өзіндік баламасы жоқ жобалар жасалды. Сауда, медицина, банк, нотариат саласына арналған оқу құралдары жарық көрді. Тіл комитетінің сараптамасынан өткен біз дайындаған оқу құралдары республика бойынша мың данамен тегін шығарылды. Оқу құралдарының веб нұсқасы бар. Қазірдің өзінде үлкен жобалар қолға алынды, – деді облыстық тілдерді оқыту орталығының директоры Алмагүл Игенова.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

● ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

Қаржылай көмек көрсетілді

Приозерск қаласының әкімдігі әлеуметтік мақсаттағы жобаларды жүзеге асырып келеді. Мұқтаж жандарға кедергісіз келешек қалыптастырып, қоғам өміріне белсене араласуына ықпал ету үшін жасалып жатқан жұмыстар аз емес. Қалада арнайы комиссия құрылып, әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардың тұрмысымен танысқан. Халықты әлеуметтік қорғау жүйесін жандандыру үшін шаһарда шартты ақшалай көмек ұсыну бойынша жұмыстар жүргізілуде. Бұл туралы Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Ұлан Алмас мәлімдеді.

Нұрдос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Приозерск қаласында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидасы негізінде біржолғы материалдық көмек көрсетіледі. Әлеуметтік көмектің шекті шамасы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес күнтізбелік жылға бекітілген 55 айлық

есептік көрсеткіш мөлшерінде. Жыл басынан бері өмірлік қиын жағдайға тап болған 77 адамға, яғни, әлеуметтік маңызы бар аурулармен ауыратын 50 адам, бірінші, екінші, үшінші топтағы мүгедектігі бар 11 адам, бас бостандығынан айыру орындарынан шығып келген 2 адам, өрттің салдарынан зардап шеккен 2 адам, көпбалалы 4 отбасы және аз қамтылған 8 отбасыға тамақтануға және емделуге жалпы сомасы 7 млн.127 мың теңге көлемінде біржолғы материалдық көмек көрсетілді, – дейді Ұлан Алмас.

Бөлім басшысының айтуынша, атаулы күндер мен мереке күндеріне орай, Ауғанстан соғысының жеті ардагеріне – 200 мың теңгеден, әлеуметтік маңызы бар 65 науқасқа, 470 көпбалалы анаға 5 мың теңгеден, тәжік-ауған шекарасында әскери қақтығыстарға қатысқан бес әскери қызметшіге, Ирактағы бітімгершілік операцияларға қатысқан бір әскери қызметшіге, Чернобыль АЭС-індегі апаттың зардаптарын жоюға қатысқан бір адамға 200 мың теңгеден және Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне теңестірілген бір адамға 100 мың теңгеден, бес тыл еңбеккеріне 30 мың теңгеден, 18 жасқа дейінгі 31 мүгедектігі бар балаларға 5 мың теңгеден жалпы сомасы 6 млн. 30 мың теңге көлемінде материалдық көмек берілген.

ПРИОЗЕРСК

Қарағанды – чемпиондар ұстаханасы

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

Биыл Ұлттық Олимпиадалық комитеттің 30 жылдығы. Осыған орай комитеттің бас директоры Серік Қасқабасов Қарағандыға арнайы келді. Облыс әкімдігінде жиын ұйымдастырылып, оған өңірімізден шыққан Олимпиада ойындарының және Әлем чемпионаттарының жеңімпаздары мен жүлдегерлері, еңбек сіңірген бапкерлер қатысты. Жиын барысында комитеттің атқарған жұмыстары айтылып, спорт саңлақтарына мерейтойлық төсбелгілер, Алғыс хаттар табысталды.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыс әкімінің орынбасары Бауыржан Асанов аймаққа арнайы келген Ұлттық Олимпиадалық комитет ұйымына ризашылығын білдірді. Бұдан соң Ұлттық Олимпиадалық комитеттің бас директоры Серік Қасқабасов баяндама жасады. Құрметті мейманның сөзінше, әлемдік спорт аренасында Қазақстанның беделі жоғары. Жаһан пікірімізбен санасады.

– Бүгінде Халықаралық Олимпиада комитеті біздің ұлттық құраманы мойындап, құрметпен қарайды. 30 жыл ішінде еліміздің тарландары талай биікті бағындырды, жарыс алаңында талай дүлдүлді тізе бүктірді. Кез келген бәсекеге қабілеттіміз. Мұның бәрі жүйелі жұмыстың, қажырлы еңбектің арқасы екені сөзсіз. Осында отырған әр спортшы, әр бапкер ел беделін көтеруде аянбай тер төкті. Қарағанды – чемпиондарды шығаратын ұстахана секілді. Осы өңірден үздік спортшылар топ-тобымен қанат қақты. Мысалы, Василий Жиров, Генадий Головкин, Серік Сәпиев, Серік Елеуов, Максим Раков, Дмитрий Карпов секілді даңқты спортшылар бар. Бұлардың барлығы да өз таланттарымен әлемді жалт қаратқан дарындар. Осы спортшылардың еңбегімен Қазақстан әлемдік олимпиада қозғалысының белді өкіліне айналды, – деді Ұлттық Олимпиадалық комитеттің бас директоры.

Салтанатты жиынға келген құрметті меймандардың қатарында Лондон Олимпиадасының чемпионы, «Вэл Баркер» кубогінің иегері Серік Сәпиевтің бапкері Александр Стрельников бар. Даңқты боксшымыздың бапкері бүгінде Абай қаласында балаларға қолғап түйістірудің әліппесін үйретіп жүр екен. «Әлі де қыруар жұмыстар атқаруға шамам жетеді» дейді. Ол Қарағанды бокс мектебінің бүгінгі ахуалына баға берді.

– Қарағанды бокс мектебінің ел аумағында беделі зор. Өңіріміздің талай талант қанат қаққанын бокс жанкүйерлері жақсы біледі. Бүгінгі жас буында да дарынды боксшылар баршылық. Соларға үміт артып отырмыз. Өңірдің ғана емес, әлемдік деңгейдегі додаларда ел байрағын желбіретуге күші мен қабілеті жететін жастар өсіп келеді. Өз көзіммен көріп жүрмін. Баптаған сұңқарларымыздың бірі – Абылайхан Жүсіпов.

– Бокста биікке көтерілу оңай емес. Әлемнің түпкір-түпкірінен мықты спортшылар шығып жатыр. Чемпион болу үшін қажырлы еңбек керек. Ауыр бейнет десе де болады. Жерлестерімізге тек сәттілік тілейміз, – деді Александр Стрельников.

Дзюдошы, Қазақстанның еңбек сіңірген спорт шебері, Әлем чемпионы Максим Раков спорттық мансабын аяқтаған. Қазір жас спортшыларға бапкер болып, өзінің құнды тәжірибесімен бөлісіп жүр екен.

– Қазір жас спортшыларға бапкермін. Менің тәжірибем оларға ауадай қажет деп есептеймін. Еліміздің абыройын көтеріп, байрағын желбіретін спортшыларды даярлау – қазіргі мақсатым. Ел үшін тер төгу керек. Бүгінгі салтанатты жиынға қатысқаныма қуаныштымын. Арқадан шыққан даңқты спортшылар мен бапкерлердің жартысынан көбі осында. Оларға басымды иіп, алғыс айтамын, – деді Максим Раков.

Қарағанды бокс мектебін Василий Жиров пен Генадий Головкиннен кейін әлемге танытқан Серік Сәпиев те сөз алып, қатысушыларды құттықтады.

– Ел спортшылары осы уақытқа дейін жеті қысқы, сегіз жазғы ойындарға қатысыпты. Қоржынымыз медальдарға толды. Осы жетістікке масайып, босаңсуға болмайды. Алдымызда талай белес бар, – деді Серік Сәпиев.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

● САЛТАНАТ

Түрі бөлек, тілегі бір

Қазақстан халқының тілдері күні Саран қаласының Мәдениет үйінде мерекелік шара ұйымдастырылып, аталған өңірді мекендейтін 70-тен аса ұлт өкілінің тілдері төрге озды.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мәдениет үйіне кіреберісте екі қатар тізілген түрлі ұлт киіміндегі жастар келушілерді қошеметпен қарсы алып, қақ жарыла жол ашып тұрды. Олар қаладағы Тілдерді дамыту орталығының мамандарының шеберлік сағаттарын тамашалап, одан әрі залға өтіп, мерекелік салтанатқа куә болды.

Салтанатты сәтте сахна төріне шыққан Саран қаласы әкімінің орынбасары Еркін Баулықов жиналған жұртты мерекемен құттықтап, қалада тілдерді дамыту ісіне қосқан үлесі үшін бір топ азаматқа қала әкімінің Алғыс хаттарын тапсырды. Марапат алғандардың арасында қалалық Аналар кеңесінің төрағасы, «Тіл қорғаны» жұмыс тобының мүшесі Гүлжан Жүсіпбекова, Балалар өнер мектебі домбыра сыныбының мұғалімі Ғабиден Абжатов, Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы Саран қалалық бөлімшесінің төрағасы Береке Жарылғапова және басқалар бар.

Ендігі кезекте сарандықтар Қали Байжанов атындағы облыстық концерттік бірлестіктің «Мерей» ансамблі әншілерінің өнеріне тәнті болып, сүйсіне қол соқты. Әсіресе, ансамбль құрамындағы жігіттер триосы, әншілер Ербол Алшынбаев, Қуат Дүйсенов, Гүлмира Серікова, Әсем Қарабаева, Кристина Ракшаның әр тілде шырқаған әндері құлақ құрышын қандырып, жұртшылыққа қуаныш сыйлады.

САРАН

Қарсы алдымда жанған шам

бағдаршамға жауапты бірегей компания Қарағандыда

«Билік пен бизнес бірігіп, жаңа Қазақстанды құруға тиіс». Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев мұны кәсіпкерлермен кездесуде айтқан болатын. Бұл – экономиканы көтерудің бір жолы, әрі «Қазақстанда шығарылған» деген отандық өнім өндіретін кәсіпорындарға – серпін. Research and Development Solutions-RDS та өзіне керекті бұйымдарды жергілікті кәсіпорындардан алады.

Мақалаға өзек болған бүгінде Research and Development Solutions-RDS деген атаумен өңірімізде жұмыс істеп жатқан «Карагандаавтотранссигнал» ЖШС өз тарихын 1971 жылдан бастайды және Қарағанды облысындағы көлік қозғалысын ұйымдастыру сияқты өмірлік маңызды салаға маманданған компания. Компанияның басты миссиясы – жол қозғалысын басқарудың заманауи техникалық құралдарын енгізу және пайдалану арқылы тасымалдау процесінің көрсеткіштерін, жолдағы қозғалыс қауіпсіздігін жақсарту бойынша шараларды жүзеге асыру.

Қаладағы қауіпсіздік негізінен бағдаршам арқылы ретке келетіні белгілі. Осы бағдаршамдарды қазіргі уақытта Шахтинск, Теміртау, Қарағанды, Саран қалаларында орнатуда Research and Development Solutions-RDS кәсіпорнының да үлесі басым.

– Компанияның стратегиясы тұтынушылардың қажеттіліктерін барынша қанағаттандыру үшін көрсетілетін жұмыстар мен қызметтерді үздіксіз жақсартуға, жаңартуға бағытталған.

Бүгінде кәсіпорында 50-ге жуық жұмыскер бар. Олардың көбі – жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында көп жылдық тәжірибесі, біліктілігі мен білімі бар жоғары кәсіби мамандар.

Жақсы өндірістік әлеуеттің арқасында біздің компания жоғары бизнес стандарттарын қалыптастырып, инновациялық шешімдер мен технологияларды енгізуді ынталандыра отырып, саланы дамытуға белсенді қатысады, – дейді кәсіпорын басшысының орынбасары Нұржан Самитов.

Қазіргі орнатылып жатқан бағдаршам шетелден жеткізілгенімен, қосалқы бөлшектер, арнайы жабдықтар жергілікті кәсіпорындардан сатып алынады.

Яғни, отандық өндіріс орындарымен келісімшартпен жұмыс істеуге басымдық берілген.

– Интеллектуалды көлік жүйелерін енгізу және техникалық қамтамасыз етумен қатар жол белгілеріне арналған тіректерді жасаймыз. Отандық компаниялардың өнімдерін пайдаланамыз. Бірнеше кәсіпорыннан келісімшарт негізінде өзімізге керек заттарды алып отырмыз. Мысалы, Майқұдықтағы «Энергосистемы ЭЛТО», Сарандағы «Kazcentrelectroprovod», «Өрнек НС» ЖШС, «Ұлар МК», РСУ, «Агродор» компанияларымен тығыз байланыстамыз, – дейді Нұржан Самитов.



ПРЕЗИДЕНТ РЕФОРМАСЫ – БАЯНДЫ БОЛАШАҚ БАСТАУЫ

Бір-екі жыл мұғдарында кәсіпорын көру қабілеті нашар жаяу жүргіншілер үшін дыбыстық белгі беру құрылғысын енгізген болатын және оның жұмыс істеп тұруын жіті қадағалауда ұстайды.

Бұл туралы бағдаршамдар шаруашылығы бөлімінің басшысы Владимир Плотов:

– Келісімшарт негізінде 162 бағдаршамды күтіп ұстауды міндетімізге алдық. Дегенмен, Қарағанды қаласы бойынша 200-дей бағдаршамға жауаптымыз. Бүгінде Қарағанды қаласында жаяу жүргіншілер өтетін жерлерге 518 дана арнайы дыбыстық белгі беру құрылғысымен жабдықталған әлеуметтік бағдаршам мектеп, аурухана маңайында орнатылды, – дейді.

Кәсіпорынның басты міндеті – бағдаршамдарды орнату және күтіп ұстау. Автоматтандырылған қозғалысты басқару жүйесін енгізу және техникалық қамтамасыз ету. Кері санақ таблосы, арнайы дизайндағы жол белгілері мен билбордтар, жасанды жол бұдырлары, жол жиегіндегі металл қоршауларды жеткізу және орнату да осы ұйымның құзыретінде.

Кәсіпорын өз қызметін 1971 жылы «Гордорстрой» басқармасына қарасты учаскеден бастады. 1977 жылы Қарағанды облысының мамандандырылған монтаждау-жөндеу басқармасы негізінде қайта құрылды. 1988 жылы СМЭУ Қазақ КСР ІІМ Мемлекеттік автоинспекциясы Бас басқармасының «Қазавтотранссигнал» республикалық трестінің құрамына енді. 1993 жылы трест «Автотранссигнал» АҚ болып қайта құрылып, оның құрамына Қарағандыдағы бөлімшесі ретінде қосылды. 1999 жылы 31 наурызда акционерлік қоғамның мүлкінің, құқықтары мен міндеттерінің бір бөлігін бөлу арқылы «Автотранссигнал» ЖАҚ қайта құру жолымен «Қарағандыавтотранссигнал» атанса, 2004 жылдың шілдесінде ЖАҚ «Қарағандыавтотранссигнал» ЖШС болып қайта құрылды.

Бүгінде бұл мекеме «Research and Development Solutions – RDS» деген атаумен белгілі.

– Біздің компанияның 50 жылдан астам тарихы бар. Осы уақыт ішінде Қарағанды облысының жол полициясымен тығыз байланыста жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша жұмыстың барлық түрін атқаруды жалғастырудамыз, – дейді Нұржан Самитов.

Бүгінде бұл мекемеге де жұмысшылар керек. Мысалы, жүргізушілер, электрожөндеуші, дәнекерлеуші, түрлі жұмыс істеушілерге бос орын бар.

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ

● ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

Сапаржай ашылды

Астықты алқабымен ырысы еселеніп отырған Нұра ауданының орталығынан сапаржай ашылды. Енді, жолаушылар такси қызметіне жүгініп, күрежолға шығып, автобус күтіп, көп кідірмейді. Маршруттар орталыққа кіріп, сапаржайға аялдайды. Кесте бойынша Астана, Қарағандыға жолға шығады.

Қасымхан БҮРКІТҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Туған жерге туың тік» деген сөзді сүйегіне сіңіре білген кәсіпкер сапаржайды өз қаражатына көтерген. Күн батареяларынан электр қуатын алатын, газбен жылынатын экопавильонға 8 миллион теңге жұмсалыпты. Сапаржайдың дәмханасы, дүкені бар.

– Сапаржай облыс әкімінің тікелей тапсырмасымен салынып отыр. Осы орайда ұсынысымызды қолдаған жеке кәсіпкер Андрей Рыженковқа ризашылығымызды білдіреміз. Осыдан бірер жыл бұрын кентіміздегі маршруттар жүретін орын жабылып қалған еді. Автобус қызметі қайта жанданғанымен, көлік тоқтайтын нысанның жоқтығы жолаушыларға қолайсыздық тудырған еді. Міне, Андрей секілді жанашыр азаматтардың қолдауымен бұл мәселе шешімін тауып отыр, – деді Нұра ауданының әкімі Бақытжан Мұқанов.

Жоғарыда атап өткеніміздей, бұрын жолаушылар жолға такси жалдап барып, автобусқа мінетін. Соның шешім тапқанына кент тұрғыны Сәуле Құрманова бек риза.

– Бұрын автобустар кенттің ішіне кірмейтін еді. Автобусты далада күтетін едік. Жаз да аса салмақ салмаса, қыста қиын-тын. Баламен жүргендерге, тіпті, оңай емес. Кәсіпкерге мың алғыс. Ауылын ойлаған азаматтың жолы ашық болсын, – деп жылы лебізін жеткізді Сәуле Сейілханқызы.

Жақында касса жұмысы іске қосылады. Мұнда Қарағанды-Урожайный (Егінді), Қарағанды-Нұра (Осакаров арқылы), Қайнар-Изенді-Жараспай-Нұра-Астана бағытындағы автобустар тоқтайды.

Нұра ауданы

● ЭКОЛОГИЯ

Зауытқа айыппұл салынды

Қарағанды облысы бойынша экология департаменті медициналық қалдықтарды өңдейтін зауытын жоспардан тыс тексерудің нәтижелерін жариялады. Кәсіпорын Қарағандыдағы Потанин көшесінде орналасқан. Көше тұрғындары «Кәсіпорыннан тарайтын зиянды түтін аймаққа зардабын тигізеді» деген уәжін бейнетаспаға түсіріп, бірнеше мәрте құжаттаған. Ұзақ уақыт бойы қарағандылықтар кәсіпорынды тексерудің қажеттігін құзырлы мекемелерге ескерткенімен, діттеген мақсатына қол жеткізе алмаған. Ақырында, зауытқа бас сұққан экологтар қоршаған ортаны қорғау заңнамасын бұзғаны үшін кәсіпорын басшылығына 350 мың теңгеге жуық айыппұл салды.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Экологтар зауыттағы жоспардан тыс тексеру нәтижелері туралы есеп те берді. «Утилизация ЛТД» ЖШС – өндіріс және тұтыну қалдықтарын қабылдауға, сақтауға және қайта өңдеуге маманданған кәсіпорын. Жоспардан тыс тексеру кезінде мамандар шаң-газ тазарту жабдықтарын пайдалану ережелерінің сақталмауы сынды бірқатар тәртіп бұзушылықты анықтады.

– Мәселен, газ-ауа жолында өндірістік ағаттықтар байқалды. Түтін газдарын тазартуға арналған инсинератор пеші мен МФ-001 дымқыл сүзгісінің жұмысы кезінде температура параметрлері бақыланбайды. Жоғарыда көрсетілген жайттар Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасының тиісінше орындалмауына Экологиялық кодекстің 207-бабының бұзылуына әкеп соқты. Бұл бойынша Қазақстан Республикасы әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексі бірінші бөлігінің 331-бабында көзделген құқықбұзушылық белгісі көрінеді. Сонымен қатар, департамент маманы ластаушы заттардың концентрациясын анықтау үшін аспаптық өлшеу амалын жүргізді. Жүргізілген аспаптық өлшеулер нәтижесінде шаң-тозаң көлемінің қалыбынан асып кетуі анықталды. Бұл факт – Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 39-бабының 9-бөлігін бұзу. Ол Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексі 328-бабының бірінші бөлігі бойынша құқықбұзушылық белгісі ретінде айғақталады, – деп хабарлады Қарағанды облысы бойынша экология департаментінің өкілі Әділет Қоянбаев.

Тексеру амалдарының қорытындысына сәйкес, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексі бірінші бөлігінің 331-бабы бойынша кәсіпорынға – 138 мың теңгеге, ал 328-баптың бірінші бөлігі бойынша 197 513 теңгеге айыппұл салынды.

Ал, экологтар тексеруден кейін кәсіпорынға осы олқылықты жою қажеттілігі туралы нұсқама берілгенін атап өтті. Департамент ұйғарым талаптарының орындалуын бөлек қадағалауға ниетті.

● ТІКЕЛЕЙ ЭФИР

Орман 17 рет өртке оранды

Биылғы жазда облыс аумағында 17 рет орман өртке оранды. Жалын жалмаған жасыл желектің жалпы аумағы – 55,71 гектар. Мамандар бұдан сабақ алып, келешекте олқылыққа жол бермеудің амалдарын жасап жатыр. Өңірдегі ахуалды Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғи пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Бахтияр Санбаев әлеуметтік желідегі тікелей эфирде баяндап берді.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Басқарманың қарамағындағы жердің жалпы ауданы – 127 039 гектар. Оның 68 962 гектары – орман. Биыл дала мен орманды қосқанда 192,62 гектар жанып кеткен. Жоғарыда айтқанымыздай, 55,71 гектары – орман.

Өрт қаупі күшейгенге дейін басқармаға қарасты орманның айналасы қотарылған. Қотарылған жердің ұзындығы – 4293,2 шақырым. Жауапты басшының сөзінше, қажетті жұмыс күші дер кезінде жұмылдырылыпты.

Орман қорын тілсіз жаудан қорғауға арналған шаралардың жоспары облыс әкімімен осы жылдың наурызында бекітілген.

– Қарағанды облысының аумағында орман өртінің алдын алу және оларды жою жөніндегі іс-қимыл жоспары бар. 2023 жылға арналған табиғи өрттерді жою кезінде табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы және төтенше жағдайлар Министрлігі Қарағанды облысы ТЖД Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі бөлімшелерінің өзара іс-қимыл тәртібі туралы алгоритм әзірленді. Биыл орман шаруашылықтарын жарақтандыруға 1,1 млрд. теңге бөлінді және 349 заманауи жабдық пен мүлік сатып алынды, – деді басқарма басшысы Бахтияр Санбаев.

Атап айтсақ, басқарма паркі өрт сөндіру көліктерімен, мотоциклдармен, квадроциклдармен, тракторлармен толыққан. Тағы да басқа төтенше жағдай кезінде қолданылатын құрылғылар жеткізілген. Сонымен қатар, ормандардың маңында 5 өрт сөндіру станциясы бой көтермек. Станциялар Қарағанды қаласының, Ақтоғай ауданының, Бұқар жырау ауданындағы Белағаш ауылының, Шет ауданындағы Ақсу-Аюлы ауылының, Қарқаралы ауданындағы Егіндібұлақ ауылының іргесінде орналасады.

Басқарма басшысы жасыл желекке біздің ғана емес, тұрғындардың да жаны ашуы керек дейді. Өйткені, тілсіз жау кейде демалушылардың салақтығынан да тұтанады. Көбіне қауіпсіздік ережелері ескерілмейді екен.

Орман өртімен қоса, басқарма заңсыз ағаш кесушілермен де күрес жүргізіп жатыр. Заң бұзушыларды анықтау мақсатында 101 рейд ұйымдастырылған. Нәтижесінде 2 заң бұзу дерегі анықталды. Пысықайлар 3,8 текше ағаш кесіп үлгеріпті.

Отандық өнім үлесі артады

Азық-түлік қауіпсіздігі – экономикалық қауіпсіздіктің бір бөлігі. Бұл туралы «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» Заңының 22-бабында да айдан анық жазылған. Онда «Азық-түлік қауіпсіздігі экономикалық қауіпсіздіктің бір бөлігі болып табылады және мемлекет тұтынуды және демографиялық өсудің физиологиялық нормаларын қанағаттандыру үшін жеткілікті болатын сапалы және қауіпсіз азық-түлік тауарларына халықтың нақты және экономикалық қолжетімділігін қамтамасыз ете алатын экономиканың, оның ішінде агроөнеркәсіптік кешеннің қорғалу жай-күйін көздейді» делінген. Жалпы, азық-түлік қауіпсіздігі – жаһандық қатердің бірі деп те жиі айтылады. Негізі, азық-түлікке әлем алаңдаулы. Себебі, алдағы көп жылдан соң азық-түлік тұтынудың мөлшері де артады деседі интернеттегі мәліметтер. Бұл болса, аргоөнеркәсіптің өрісін кеңейтуді, оны және бір зерделеп, зерттеуді қажет етеді. Осы бағытта елімізде Президент тапсырмасымен бірқатар бағдарламалар қабылданғаны мәлім. Одан Қарағанды аймағы да қалыс қалды деуге келмейді.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ауыл шаруашылығының жай-күйіне мұқият талдау жүргізуді тапсырған болатын. Мемлекет басшысы ауылшаруашылығын дамытуда агроөнеркәсіп кешені өкілдерімен және ауыл шаруаларымен кеңесе әрекет етуді қолға алу қажеттігін атаған еді. Себебі, ауыл шаруашылығындағы мәселелердің шешімін табуы мемлекет азаматтарының өмір сүру сапасына ғана емес, сонымен қатар елдің азық-түлік қауіпсіздігіне де ықпал етеді.

Ел бойынша былтыр ауыл шаруашылығы саласындағы өсім 9,1 пайызды құрады дейді деректер. Диқандар 23 миллион тоннаға жуық астық жинаған-тын. Дегенмен, егіс алқаптарын әртараптандыру және мол өнім беретін дақылдар өсіруге көшу жұмыстары жоспарлы түрде жүргізіліп келеді. Мәселен, елімізде майлы дақылдар өсіретін егіс көлемі шамамен 4 есе ұлғайып, 3,5 миллион гектарға жеткен екен.

– Мұндай оң нәтижеге күнделікті еселі еңбегімен еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін нығайтуға зор үлес қосып жүрген ауыл азаматтарының пайдасы орасан, – деп атап өткен-ді Мемлекет басшысы.

Қазіргі таңда ауылдағы шаруашылықтар ақылды технологияға жүгіне бастаған. Бие мен сиырды сауын аппараттар сауады. Күбі атаулының көбі электрокүбілер. Суармалы егін, көкөніс шаруашылығының өзі де заманауи құрылғы көмегімен жұмыс істейді. Мұның бәрі ақылды және цифрлық фермалар қатарына жатады.

Дәл осындай жүйемен облыс бойынша екі бірдей шаруашылық ісін дөңгелетуде. Оның бірі – Осакаров ауданына қарасты «Найдоровское» ЖШС болса, екіншісі – Нұра ауданындағы «Шахтер» ЖШС. Бұл екі ферманың бірі – суармалы көкөніс шаруашылығы болса, екіншісі – дәнді дақылдар мен көкөністің элиталық тұқымын өсіруші һәм өндіруші шаруашылық. Ол жерде тұқымдар өсіріліп, бақталып, өзге шаруашылықтарға таратылады. Ал, ерекшеліктері аз емес. Ондағы техникалардың күніне қанша шақырым жүргені, жанармайдың мөлшері, алқапқа күніне бөлінетін су мөлшері, барлығы арнайы экраннан көрсетіліп тұрады.

Ауыл шаруашылық басқармасының мамандары бұл екі ферманың облысқа берер пайдасы өте мол екендігін атап отыр. Фермалар заманауи құрылғылармен толық жабдықталған. Мұндағы жұмыстың бәрін дерлік компьютер атқарады. Шаруашылықтағы әр трактордың қозғалысы, оның жүріп өткен әр гектары және күндік жоспарға сай жұмысы арнайы құрылғылар арқылы назарда. Осыған сәйкес адам араласатын жұмыс – тек ол саналы құрылғыларды басқаруға ғана байланысты.

Бұған қоса облысымызда инвестициялық тың жобалар да іске асуда. Айталық, 2024-2026 жылдар аралығында 70-ке жуық инвестициялық жобаны жүзеге асыру жоспарланған. Ол – 162 млрд. теңгені құрайды. Биыл 11,6 млрд. теңгеге соның 26-сы іске аспақ. Оның ішінде, қазіргі таңда ең қажетті 12 жоба басты назарда. Бұл – суармалы жерлерді айналымға енгізу бағытындағы жоба.

Сондай-ақ, аймақта заманауи талаптарға сай үш климаттық бақылау жүйесі орнатылған картоп қоймалары салынып жатыр. Мұндағы екеуінің құрылысы қазір мәреге жетуге жақын. Бұйыртса, пайдалануға беріледі. Ал, үшіншісінің құрылысы осы күзге дейін тәмамдалады деп күтілуде.

Расында, жаңа технологиялар мен даму үдерісі ауыл шаруашылығына береке әкелетіні сөзсіз. Осыған сай келешекте мал шаруашылығы өніміне сұраныс артып, мал басы мен құс санының өсу қарқыны жоғары деңгейде болмақ. Нәтижесінде 2030 жылға қарай мал және құс басы 15,3 млн-ға дейін өседі деген болжам бар. Дәнді дақылдардың және мал шаруашылығының өнімділігі де сәйкесінше артады деп күтілуде.

Негізінде, арнайы мамандар есептеуі соңғы он жыл ішінде қалыптасқан саланың даму үдерісіне түзетулер қажет екенін көрсетті. Мысалы, халықтың нан өнімдерін тұтынуы көрсеткіші күннен-күнге артып келеді. Бұл Ұлттық экономика министрлігі белгілеген нормадан 25 пайызға асып түскен. Ал, дәнді дақылдар егістігі 16,6 млн. гектардан 15,4 млн. гектарға дейін қысқарған. Яғни, бір-біріне қайшы келетін тенденциялар байқалады. Егер жағдай осы қалпында қалса, астыққа деген ішкі қажеттілікті толық қанағаттандыру тек экспорт көлемін азайту есебінен ғана мүмкін болмақ.

Сондықтан, орын алған жағдайға байланысты дамудың кейбір тенденцияларын бәсеңдету, ал басқаларын тиісінше жеделдету ұсынылады. Мысалы, нан өнімдері мен қантты тұтынуды азайту арқылы өсімдік майларына сұранысты төмендете отырып, көкөніс-бақша өнімдерін, картопты, ет пен сүтті тұтынуды арттырған дұрыс деп саналады. Бұл бұқара денінің саулығына да, экономика дамуының бәсеңдемеуіне де үлес қосар еді.

Жалпы, ауыл шаруашылығының дамуын белгілі бір арнаға келтіру қарапайым халықтың өнімді неғұрлым тиімді тұтынуына ықпал ететіні сөзсіз. Қазірдің өзінде тұтыну нормаларының артуы, халық санының өсуі және өндірістік тұтынудың, соның ішінде азық-түлікке сұраныстың өзгеруін ескерсек, ішкі және сыртқы нарықтарда да едәуір өзгеріс орын алатыны айғақ. Бұл ретте импорт бойынша түсімдердің айтарлықтай қысқаруы болжануда. Мысалы, дәнді дақылдар импорты 416-дан (2019 жыл) 2030 жылға қарай 150 мың тоннаға дейін, көкөніс-бақша дақылдары – 371-ден 150 мың тоннаға дейін, ет – 205-тен 100 мың тоннаға дейін, сүт – 456-дан 120 мың тоннаға дейін төмендеуі мүмкін. Өйткені, отандық өнімнің үлесі арта түседі деп күтілуде.

Инфографиканы жасаған Ерканат Кенесбекұлы

• РЕСМИ

Аңшылық маусым ашылды

Қарағанды облысында әуесқой аң аулаудың күзгі-қысқы маусымы ашылды. Әуесқой аңшылар енді өзен-көлді жағалап, қаз-үйрек аулауға шыға алады. Тек, өзімен бірге қару мен оқ-дәріге рұқсат қағазы, аңшылық шаруашылығы субъектілерінің жолдамасы және аңшы куәлігі болуы керек.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аң аулау ережелеріне сәйкес биылғы жылдың қыркүйек айының бірінші сенбісінен бастап, облыс аумағында суда жүзетін құстарды аулау маусымы басталды. Бұл күндері аңшыларға қаз, үйрек, бозторғай секілді жабайы құстарға тұзақ құрып немесе атып аулауға болады. Бірінші қараша мен келер жылдың 15 ақпаны аралығында қоян мен түлкі сияқты аңдарды аулауға рұқсат етіледі.

– Құс аулау науқаны күзде басталады. Өйткені, күздің салқыны алғаш түсіп, ызғарлана бастағанда жабайы құстар семіреді. Сонымен қатар, олар жылы жаққа жиналмаққа топталып жүреді. Бұл аңшыға жақсы мүмкіндік, – дейді Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының мамандары.

Сондай-ақ, басқарма мамандары қарапайым аңшылар назарына аң аулау ережелерін сақтауды, рұқсат етілген мерзімде және жануарлардың белгілі бір түрлерін ғана аулауды ұсынады. Атыс қаруын пайдалану кезінде де қауіпсіздік техникасы туралы ұмытпауды сұрайды. Бұл – аңшы мен жабайы табиғат қауіпсіздігі.

Бетеге кетіп, бел қалды

(Соңы. Басы 1-бетте)

Егер өнім жоғарыдағы жоспарға сай түссе, онда бұқара ұпайы түгел. Алайда, ауылдағы ағайын алаң-ды. Өйткені ауыл-аймақ биыл қуаңшылықты айқын сезінді.

Мысалы, Қарқаралы ауданында шөп шықпады десек артық емес. Ауылшаруашылық басқармасына берілген тапсырмада сол өңірдің жағдайы толық зерттеліп, мал азығы мен астықтың кемдігі қанша мөлшерде екені анықталуы тиіс еді. Сонымен қатар, сол өңірдің ірілі-ұсақ кәсіпкерлеріне 300 тоннаға тарта сабан дайындау жүктелді. Бұл қысты күнгі малдың негізгі асына сеп болмақ дейді мамандар.

«Желтау» шаруа қожалығының қос егін алқабына да биыл орақ кеш түспек. Шамадан тыс аптап пен жауынның жоқтығы жерді қатайтып, қаңсытып тастаған.

– Шілде айының шіліңгір ыстығы биыл ерте басталды және жылдағыдан ұзақ болды. Оның үстіне жауынның жаумауы, тіпті, егін алқабын күрек батпастай етіп қатайтты. Жауынның көп болмаса да, айына бірді-екілі жауғанының өзі жер ширатуға әжептәуір көмек еді. Егінге енді кеш түсеміз. Бағасы да былтырға қарағанда өседі деп күтілуде. Былтыр арпа мен бидай алқабынан шамамен гектарына 10-12 центнер астық жиналса, биыл болжам бойынша 3-4 центнерге кем түспек. Сондай-ақ, былтыр арпаның келісі – 65 теңгеден, ал, бидайдікі 100-130 теңгеден болса, биыл ол баға да жоғарыламақ, – дейді «Желтау» шаруа қожалығының өкілі Алмас Мұстафин.

Расында, нарықта жем бағасы оның ішінде, арпаның ұсақталған түрінің келісі – 75, бүтіні 73 теңгеден сатылуда. Бидайдың келісі – 80 теңге. Сұлы құны – 85-90 теңге. Бұл – былтырғы жылғы орым. Биылғы астық одан да қымбаттауы бек мүмкін. Сәйкесінше Үкіметтен жәрдем күтілетіні сөзсіз. Жәрдем жасалуда дейді облыстың ауылшаруашылық басқарма басшысының орынбасары Сырым Бошпанов.

– Облыс әкімінің қолдауымен облыс бюджеті есебінен 800 млн. теңге қаражат мемлекет қолдауына ие 737 шаруашылық қажетіне бөлінген. Бұл тікелей мал азығын дайындау шығынын арзандатуға берілген көмек. Оған қоса тағы қой өсіретін шаруашылықтарға азық дайындауға 400 млн. теңге қарастырылуда. Сондай-ақ, биылғы жылғы мал азығын жинаудағы жанармайдың құнын арзандатуға да жұмыстар жүргізілген. Осыған орай қазір мемлекет тарапынан қолдауға ие шаруашылықтарға жанармайды Қарағанды қаласынан 250 теңгеге алуға мүмкіндік туды. Бұл дегеніміз, жанармайдың нарықтағы бағасы 295 теңге болса, шаруалар одан төмен бағада алады деген сөз. Биылғы қуаңшылық жалғыз Қарағанды емес, бүкіл Қазақстанды айналып өтпеді. Олқылықтың алдын алу мақсатында аудандарда арнайы штабтар құрылды. Олардың негізгі жұмысы – аймақ шаруаларындағы жемшөп жетіспеушілігін толықтыру, соларға қолдау көрсету. Тіпті, дәл қазіргі жағдайда мал азығының күрт өсіп кетпеуін де осы құзырлы орын қадағаламақ, – деді Сырым Бейсебайұлы.

Басқарма басшысы орынбасарының сөзіне сүйенсек, аймақтық проблемаға жергілікті билік баяғыда араласқан көрінеді. Өңірдегі біраз орманды алқаптардың шөбі шүйгін жерлерінен де жергілікті шаруаларға шөп шабуға рұқсат берілген.

«Ал, көбінің шаруашылығы жекешеленген. Олар есепте жоқ болған соң ахуалы бізге беймәлім» деп түйді орынбасар.

Қағаздағы көп сан мен проценттер бағанына қарасақ, жағдай жарияға жар салынбас бұрын қолға алынған. Бірақ, мая-мая шөп, қамба толы астықтан масайраған шаруа жоқ.

Десек те, қуаңшылыққа кінәлі адам емес екені анық. «Қазгидромет» АҚ-ы пайымынша, биылғы қуаңшылықтың себебі «оңтүстік циклонының» келуі. Жаз бойы жауар жауын тек жаз соңының бір күнінде жауғаны баршаға мәлім.

– Әр шаруаның қамбасында қор болуы шарт. Мысалы, былтырғы жылдан астық мол түссе, оның төрттен бірі сақталуы керек. Көп жерлерде мал азығы аяққа тапталып, мал тезегіне араласып жатады. Бұл да шығынға әкеп соғады. Былтырғы қор болса, жұт жылдарында, не осындай қуаңшылықта қыстан қысылмауға мүмкіндік береді, – деді Сырым Бейсебайұлы.

Коллажды жасаған Айбек Рахымжан

Қандай қиын-қыстау кезеңде де Арқаның шаруалары астығын өсіріп, адал ақы малын бағуды біледі. Мамандар пікірінше, шаруаға үрейленуге негіз жоқ. Үкімет құзырындағы көмекті аямай қол ұшын беруде. Ал, оны ұқсату мен ұқыптау қарапайым халықтың қолында көрінеді.

• АГРОКЕШЕН

Суданға сұраныс бар

«Қыс шанаңды жаз сайла» демекші, жаз шығысымен облыс шаруагерлері «Мал азығын қайдан аламыз? Бір бума шөптің бағасы қанша болар екен?» деген сұраққа жауап іздеп кетті. Мазалаған сансыз сұрақтың себебі – аптап ыстық, жердің құрғап кетуі, өрт және тағы басқа жайттар. Дегенмен, сапалы мал азығын дайындауда алдын ала қамданғандар да бар. Солардың бірі – Қарқаралы ауданындағы «Нар» шаруа қожалығы.



– Асылтұқымды мал өсірумен айналысатын шаруашылық. Ашылғанына үш жыл болды. Сондай-ақ, жылқы мен қойды көбейтуге де ден қоюдамыз. Климаттың өзгеруі, әсіресе, мал шаруашылығын қолға алған адамдар үшін қолайсыздық тудыруда. Бірнеше жыл қатарынан болған құрғақшылық мал азығын дайындауға кедергі келтіреді. Осының алдын алу мақсатында сапалы мал азығын дайындауда екпе шөп өсіруді қолға алдым. Биыл 50 гектар жерге судан шөбін егіп, жақсы өнімге қол жеткізіп отырмыз, – дейді шаруашылық басшысы Ернар Шахмерденов.

Жас кәсіпкер біржылдық екпе шөптің тұқымын Қостанайдан арнайы әкелді. Шөптің басты ерекшелігі – құнарлығы. Майлы әрі бойында қант көп. Бұл малдың тез тояттауы мен қоң жинауына әсері мол. Күз келсе, күн тәртібінен түспейтін төрт түліктің қамы мен қысқы азығын дайындаудың оң шешімін тапқан шаруашылық басшысы бұл жұмысты келер жылы да жалғастыруға ниетті. Әрі егістік көлемін ұлғайту ойында бар.

Аудан әкімінің баспасөз хатшысы Аян Кизкиннің берген мәліметінше, өңірде биыл 348 200 тонна шөп дайындау жоспарланған. Бүгінде 238 500 тонна мал азығы дайындалып, меже 68,5%-ға орындалды.

Сағыныш ӘБІЛ
Қарқаралы ауданы

● БАСПАСӨЗ ТУРЫ

Мамандық таңдау мектептен: медицинаға қадам

Сөзсіз, мамандық таңдау – маңызды іс. Оқушы болашағын қандай кәсіппен байланыстыратынын айқын сезіну үшін оларға кәсіптік бағдар беру қажет. Облыстың бірқатар мектептерінде қолға алынған медициналық және педагогикалық сыныптардың көздеген мақсаты – осы. Мамандығын қазірден бастап айқындаған жас мектеп бітірер кезде әуре-сарсаңға түспейді. Әрі саналы таңдаудан сапалы маман шығады деген үміт зор.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Медициналық және педагогикалық сыныптар өңірдің 30 инновациялық мектебінде жұмыс істеуде. Олардың болашақ дәрігерлер мен мұғалімдерді даярлауда әсері зор. Баспасөз туры аясында біз барған Шахтинск қаласының Әлихан Бөкейханов атындағы мектеп-лицейінің бағыты – медицина. Ол – облыстағы «Медицинаға қадам» жобасын жүзеге асыратын он мектептің бірі. Мұнда былтыр жобаға қатысқан 39 баланың 11-і медицина саласы бойынша оқуға түсіпті. Оның үшеуі – мемлекеттік білім грантының иегері.

Оқу орны директорының орынбасары Ұрхия Жолшыбекованың айтуынша, жобаға оқушылардың қызығушылығы жоғары.

– Бұл – Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының жобасы, – дейді Ұрхия Жолшыбекова. – 8-11 сынып оқушылары арасында іске асырылуда. Оған қатысатын оқушыларды мектеп психологының арнайы сауалнамасы арқылы іріктейміз. Оқушылар екі топқа: 8-9 және 10-11 сыныптарға бөлінеді. Балалар сабақтан тыс уақытта оқиды. Жоба нәтижелі болу үшін 11 сынып оқушыларына қосымша «Табиғат және адам», «Адам генетикасы» курстары енгізілген. Оны биолог мамандарымыз жүргізеді. Биыл да 40-қа жуық баланы оқытуды жоспарлап отырмыз. Біздің басты мақсатымыз – оқушыларға дұрыс мамандық таңдауға көмектесу.

Жоба аясында кәсіптік бағдар беру маманы Әсем Абраева үнемі балалардың басы-қасында. Оның ұйымдастыруымен балалар Шахтинск қаласындағы емханалар мен қалалық ауруханада болып қайтты.

– Жоба былтырдан бастап енгізілді. Мақсаты – баланы мамандыққа бейімдеу. Жұмыс жоспары, кестесі жасалды. Соған сәйкес, айына төрт рет шара өткізілді. Балалардың шешіміне қалалық ауруханада реаниматолог болып жұмыс жасайтын мектеп түлегімен кездесу де әсер етті деп ойлаймын. Емдеу мекемелеріне баратын уақыты келісіледі. Ата-аналармен алдын ала дөңгелек үстел өткіздік. Мұндай мүмкіндік ашылғанына олар да қуанышты, – дейді Әсем Абайханқызы.

Оқыту мектепте де, тікелей медициналық мекемеде де жүргізіледі. Шахтинск қаласының жедел жәрдем подстанциясы фельдшері Алексей Друговтың айтуынша, оқушылардың медициналық мекемелерге барғаны қызықты әрі нәтижелі болмақ.

– Бүгін біз ес-түссіз жатқан адамға көмек көрсету шараларын көрсеттік. Жасалуы тиіс реанимациялық шаралар мен жедел жәрдемді қалай дұрыс шақыру керектігі де айтылды. Мұның алдында жол апаты кезінде не істеу керектігін түсіндірген едік. Адамды көліктен қалай алып шығу қажет, мобилизация деген сияқты. Оқушылар көктемде экскурсияға келген. Біздегі аппараттар, көлік жыл сайын жаңарып жатады. Реанимациялық құралдар, дефибриллятормен жұмыс жасауды көрсеттік. Медицинаны таңдаймын деген балаға мұның барлығы қызық, – дейді ол.

Ол қиындық тудырғаны – шақыртулар екенін тілге тиек етті. Бұл кезде сабақ шақыртуға барып келгенше үзіліп қалады. Дегенмен, қалалық жедел жәрдем станциясында Алексейден өзге екі маман бар. Олар оқушылардың кез келген сұрағына жауап беруге әзір.

Шахтинск қаласы орталық ауруханасы директорының орынбасары Әсел Маханова аурухана мен білім ордасы арасында меморандумға қол қойылғанын жеткізді. Соның арқасында балалар емдеу мекемесіне барып, қабылдаудан бастап, емдеу барысын көре алады.

– Медицинаға көбісі бара бермейді. Оқуы да ұзақ. Бірақ, бізге мамандар керек. Оқушыларды мамандыққа қызықтырып, болашақта оларды маман ретінде өз ауруханамызда көргіміз келеді. Бүгінде жалпы тәжірибе дәрігерлерге, бірқатар бейінді мамандарға қажеттілік бар, – деді Әсел Маханова.

Аталған аурухананың қабылдау бөлімінің аға медбикесі Тамара Алданыш жоба басталғалы балалармен тікелей жұмыс істеуде. 20 жылдық тәжірибесі бар маман оқушылардың әр сұрағын назардан тыс қалдырмауға тырысады.

– Қолымыздан келгенше көмектесуге, түсіндіріп, көрсетуге дайынбыз. Аптасына екі рет келеміз. Мектепте жоқ жабдықты өзімізбен алып келеміз. Жүректі кардиограммадан өткізу, қан қысымын өлшеу, тану әдістерін көрсетеміз. Балалар ауруханаға келгенде мүмкіндігінше барлық бөлімдерді аралатып, әрқайсының ерекшелігін айтып береміз. Әр баланың қабылдауы әртүрлі. Дәрігерлік жұмысты шынымен ұнатып жатса, қуанамыз, – дейді Тамара Алданыш.

Мектеп-лицейдің 11 сынып оқушысы Айдана Алдашова жобаға қатысқаннан кейін дәрігер болуға бел буған. Бұған дейін медицина саласына бару туралы ойламапты. Адам өмірін сақтап қалғысы келеді.

– Медицинаға қызығушылығым арнайы сабақтардың нәтижесінде пайда болды. Біз теориялық білім алып қана қоймай, ауруханаларға барамыз, экскурсиямен жедел жәрдем подстанциясында болдық. Маған фельдшерлердің жұмысы қатты әсер етті. Мен де адам өмірін сақтап қалғым келеді, – дейді Айдана.

Облыстың білім басқармасында мәлімдегендей, өткен оқу жылында 9 және 11 сыныптардың 178 түлегі осындай сабақтарға қатысқан. Нәтижесі де жаман емес. 130-ы білім грантын жеңіп алды. Жоба биылғы оқу жылында да жалғасын таппақ.

Суреттерді түсірген
Александр МАРЧЕНКО

● АКЦИЯ

Есің болса, есірткіден қаш

Облыстық білім басқармасының қолдауымен «Қазақстан азаматтары» һәм «Сау ұрпақ» қоғамдық бірлестігі бірлесіп, «Өмір үшін есірткіні ұмыт» акциясын өткізді. Теміртау қаласындағы «Восток» қалалық саябағында және Қарағанды қалалық орталық саябағында өткен шараға жұртшылық белсене қатысты.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Акция Қарағанды және Теміртау қалаларында нашақорлық пен шылым шегудің зияны туралы ақпарат беру, саламатты өмір салтын насихаттауды көздеді.

Акция қатысушыларына, саламатты өмір салты тақырыбындағы сұрақтарға дұрыс жауап бергендерге тәтті «Қазақстан» шоколады, дәмді кәмпиттер сыйға тартылды. Бұдан бөлек, «Темекіңізді кәмпитке ауыстырыңыз» ұранымен темекі шегіп жүргендер темекіден бас тартатынын айтып, оны арнайы ыдысқа тастаса, оларға да тәтті сыйлықтар үлестірілді.

Саябақтағы алаңның ортасына үш баннер орнатылды. Үшеуі бірін-бірі толықтырып, үйлесіп тұрды. Ортасындағыда темекі шегу мен нашақорлықтың зияны, түрлі ауруларға шалдыққан адам бейнелері және бұл дерттің адамды өз тереңіне тартып әкететін жауыз қалпы суреттелген. Ол «Жамандықтың бейнесі» деп аталады. Ал, екі жағында екі есіктің бейнесі бар. Ондағы есіктің көзінен ішіне үңілсеңіз, бір есіктен нашақорлықтың, екіншісінен темекіге әуестіктің өте қорқынышты салдарын көре аласыз.

Әр баннер жанында тиісті тақырыптағы ақпараттық стенд орналасқан, онда

акцияға қатысушылар осы мәселелер бойынша білімін толықтыра алады.

Алдымен, саябақта жүрген қала тұрғындарын акцияға қатысуға шақырады. Қатысушы қызыл, көк немесе сары жіпті таңдап, жіпті қиып алып, шегеге байлап, оны «Жамандықтың бейнесіне» қағуы тиіс. Жіптің әрбір түсі есірткі мен темекі шегуге деген көзқарасты білдіретін белгілі бір пікірге сәйкес келеді.

Мәселен, қызыл жіпте – «Нашақорлар дертті адамдар, оларды емдеу керек», көк жіпте – «Есірткінің бәрі зиянды, мен оларды қолдануға қарсымын», сары жіпте – «Мен балаларымның бұл мәселеге тап болғанын қаламаймын» деген сынды пікір стендке жазылған. Әр түсті жіптің көптігі арқылы тұрғындардың пікірін білуге болады.

Өте көп шеге қағылды. Теміртау мен Қарағанды тұрғындарының қаққан шегелерінен стенд түрл-түсті жіпке толып кетті. Тіпті, жаңадан отау құрып жатқан жас жұбайлар да келіп, акцияға қатысты.

Теміртау қаласында жастар үшін есірткі қылмысына қарсы күрес бөлімінің аға жедел уәкілі Нұржан Дүйсебеков сөз сөйлеп, есірткінің алдын алу, есірткіні қолдану мен таратудың құқықтық аспектілері туралы айтты. Қоғамда, әсіресе, синтетикалық есірткінің ауыр зардаптарын атап өтті.

Ал, қарағандылықтар темекіні кәмпитке айырбастау барысында белсенділік көрсетті. Өйткені алмасуға тек темекі ғана емес, сонымен қатар вейптер де қатысты. Акция барысында шамамен 10 вейп жиналды. Кей қатысушылар темекіні сындырып, ыдысқа тастады. Бұл акцияның мәнін ашты.

Облыстың полиция департаменті есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының ведомствоаралық үйлестіру бөлімінің көмегімен акцияға қатысушыларға «Есірткісіз өмір» деген жазуы бар футболкалар мен қалпақтар табыс етілді.

Сонымен қатар, әлеуметтік желілерде облыстың білім басқармасының «Колледж студенттері, Қарағанды және Теміртау қалаларының жоғары сынып оқушылары арасында никотиндік және есірткіге тәуелділіктің алдын алу жөніндегі іс-шаралар кешені» тақырыбындағы жобасын іске асыру шеңберінде #менсалауаттыөмірсалтыүшін2023 тақырыптық хэштегі бар флешмоб аяқталғаннан кейін салтанатты марапаттау өтті.

ҚАРАҒАНДЫ

● ЖОБА

Қоқыс алаңдары жер астында

Теміртауда тұрмыстық қатты қалдықтарды сақтау мен шығарудың экологиялық таза тәсілі табылды. Қаланың тоғыз жерінде әдеттегі қоқыс жәшіктері жер асты металл цистерналарымен ауыстырылды.

Қалада барлығы 30 контейнер орнатылды, олардың әрқайсысының сыйымдылығы екі текше метр.

Заманауи контейнерлердегі қоқыс желден ұшып кетпейді әрі жағымсыз иіс таратпайды. Бетінде тек қоқыс қабылдайтын тартпасы ғана болады.

– Қазір осы жаңа алаңдарды сынақтан өткізудеміз. Тұрғындардан шағым түспейді. Бұл контейнерлер жалпы халыққа ыңғайлы. Егер болашақта тұрғындардан шағым болмаса, қаланың басқа бөліктерінде де орнатамыз, – деді Теміртау тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі басшысының міндетін атқарушы Қанат Хасенов. Жаңа алаңдарға бетон төселген. Цистерналар ауыр металдан жасалған, бұл вандалдардың жосықсыз әрекетіне жол бермейді.

Өз тілшіміздің

«Қоғам – тірі ағза»

(Соңы. Басы 1-бетте)

Осындай қиындықтарға тап болған кейіпкер тауып, сұхбат алдық. Ол өз аты-жөнін жазбауды сұрады. «Тырнақ астынан кір емес, түйе іздейтін» үйдегі «тираннан» қорықса керек.

– Күйеуім масылға айналды. Бір жұмыста ұзақ тұрақтамайды. Тапқаны күнделікті ішіп-жегенімізге ғана жетеді. Алкогольге құмар. Үш баламыз да мектепте оқиды. Жалдамалы пәтер жағалап жүргенімізге он жылдан асты. Пәтерақының өзі қалтаға салмақ түсіреді. Балалардың киімі, оқу құралдары – бәріне ақша керек. Бала өсіру оңай емес. Мен мектепте мұғаліммін. Жалақымды көбейту үшін қосымша сабақтар өткіземін. Баланы емтихандарға, тестілеуге дайындаймын. Таң ертемен кетіп, күн ұясына батқанда бір-ақ келемін. Үйде ақшаға өзім иемін. Күйеуім соның бәрін қызғана ма, әлде намыстана ма, білмеймін, кешкі асымыз жанжалдан басталады. Қол жұмсаған кездері де болды, – деді кейіпкер.

Сауалға жауап тапқан секілдіміз. Отбасындағы жанжалдың бәрі қызғаныш сезімінен тамыр тартады.

Ойлап, үңілсеңіз, мұндай проблема бұрыннан бар. Тек, келеңсіздіктің бәрі ұрып-соғумен аяқталмайтын. Өйткені, үйде



әйел отыратын. Төрт қабырғаға қамалып, сан-саққа жүгіргіш ойын қызғаныш індеті жалмаған келіншекте қол көтеретін күш жоқ. Олардың бар амалы – тілмен түйреу. Бір жағында күйбең тірлік, бір жағында бәйбішесінің күңкілі жүйкесін тоздырған ерлердің ілуде біреуі ғана мәселені күш көрсету арқылы шешуге талпынатын. «Ұрып-соқты, қорлады» дегенді сирек еститін едік.

Қазір әйел мен ердің орны ауысқан. Сол орын алмасулары шатақ болып тұр. Жоғарыда келтірген статистикаға тағы бір қарап қойыңыз.

Отбасындағы зорлық-зомбылықтың көбейгені сонша, үйдегі «тираннан» қашқан ана мен балаға уақытша пана болатын арнайы орталықтар ашылған. Облыс аумағында сондай 9 орталық бар.

Бастаманы көтеріп, жүзеге асырған – облыстық полиция департаменті. Департамент басшылығының сөзінше, бұл – Еуропа елдерінен алынған тәжірибе. Қабылданған шараларға қарап, құқық қорғау органдарының қорлық көріп жүрген әйелдерді қорғауға білек сыбана кіріскенін аңдауға болады. Бұған Президенттің тапсырмасы түрткі болғаны сөзсіз.

– Бұл мәселе әділетті мемлекет құру үшін өте маңызды. Көптеген әлеуметтік кеселдің түп-тамыры, соның ішінде қылмыс көбіне тұрмысы нашар отбасылардан бастау алады. Мұндай отбасылардағы зорлық-зомбылықтар балалардың сана-сезіміне және психикасына кері әсерін тигізеді. Сондықтан құқық қорғау органдары адамдардың құндылықтар жүйесі мен мінез-құлық моделін өзгертуде шешуші рөл атқара алады және атқаруы қажет, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Орталықта жедел желі бар. Зардап шеккен әйелдер хабарласып, көмек сұрай алады. Жүгінген адамға психолог пен заңгер тегін кеңес береді. Жеке сот орындаушылар мен теологтарды да сол орыннан табасыз.

Полиция департаментінің берген ресми дерегінше, кейінгі 7 айда орталыққа 792 қоңырау түскен. 367 келіншек заңгер мен психологтан кеңес алған. 163 әйел орталықтан уақытша пана сұраған.

«Қоғам – тірі ағза» деп еді Герберт Спенсер. Ағзада үздіксіз айқастар жүріп жатады. Тірі дегеннің көретіні – осы. Жаңа ғасырға қадам басқан Қазақстанның жаңа қоғамында, отбасында көзге көрінбейтін осындай дерт бар.

● ҚҰРМЕТ

Түркі сазын түгендеген...

Естай Беркімбайұлының 155 жылдық мерейтойын Екібастұз қаласы дүркіретіп атап өтті. Еліміздің түпкір-түпкірінен арнайы шақырылған зиялы қауым мен белгілі өнерпаздар легі тойдың көркін ашты. Мерейтой аясында Республикалық әншілер байқауы ұйымдастырылып, Естай әндері Екібастұз аспанында екі күн қалықтады.

Әнші тойы киіз үйдің көптігімен өлшенбей, сұлу ән, ғибратты әңгіме, келелі кеңес тыңдап, салмақты ой түйген мәжіліске айналды. Ақын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Ғалым Жайлыбай «Жанымды әнсіз өмір тұсайды анық, көңілім Қорланды айтсам – үш ай жарық» деп толғаса, өнертану ғылымының докторы Саида Еламанова Естайдың бас туындысы «Қорлан» әніне ғылыми талдау жасап, композитор шығармашылығының қазақ мәдениетіндегі орнын сөз етті.

Мерейлі жиынға Түркиядан мемлекет және қоғам қайраткері Дүйсен Қорабайұлының арнайы келуі – ақын тойының айбынын асырып, мәнін аша түсті. Осыдан отыз жыл бұрын Естай ақынның 125 жылдық мерейтойы аталып өткен болатын. Тойды «Сағынайдың асындай» аңыз қып айтқан ағаларымызды талай көрдік. Дүйсен Қорабайұлы сол думанды кеште де құрметті қонақтардың қатарында болған екен. Ақтоғай ауданынан басталып, Кереку қаласында жалғасқан іс-шараны толық күйінде бейнетаспаға жазып, жеке қорында көзінің қарашығындай сақтап, ақынның 155 жылдық мерейтойына тарту етті. «Өшкені жанды, өлгені тірілді» деген сөз осындайда айтылса керек. Себебі ол бейнетаспада қазақ музыкасын шексіз сүйген ғалым Б.Ерзаковичтың, романист жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Рамазан Тоқтаровтың, жазушы Төлеутай Ақшолақовтың, музыкатанушы Зейнұр Қоспақов пен өзінің, яғни, Дүйсен Қорабайұлының ақын, әнші, композитор Естай шығармашылығы жайында терең де құнды пікірлері жазылған болатын.

Дүйсен Қорабайұлының қазақ өнеріне қандай еңбек сіңіргенін бүгінгі жас жеткіншектер білмеуі де мүмкін. Дегенмен, аға буын өкілдері, әсіресе өнер саласының майталмандары ұлт мәдениетінің мұзжарғышының еңбек жолынан бейхабар емес.

Біз Естай Беркімбайұлының 150 жылдық мерейтойы қарсаңында композитордың өмірі мен шығармашылығына арнап кітап жазған едік. Материал жинау барысында Естайдың Біржан салдан үш ай, Ақан серіден бір жыл ән үйренгеніне көз жеткіздік. Тіпті, Біржан сал Естайдың туған жеріне келгенде жас әншінің домбыра шертуін жетілдіру мақсатында сол өлкедегі белгілі домбырашы Әлхамбекті алдырып, қолына ақша ұстатып, «Естайдың қолы домбыраға жүгіретін болсын» деп тапсырма беріп кеткен екен. Осы бір детальдардан «дала музыкантында қандай білім болған екен?» деген ебедейсіз сұрақтың жауабын тапқандай болдық. Естайдай музыканттың үлкен мектептен өткенін түсіндік. Себебі, заман өзгерді, қоғам құбылды, Совет дәуірі ұлт өнерін кембағал құбылыс ретінде бағалады, құдалады. Өткен ғасырдың алғашқы ширегінде әнші, күйшілердің басына төнген қара бұлт сейілмей ұзақ тұрды. Опера мен симфония музыканың асылына баланған дәуір келді. Тек, алпысыншы жылдардың аяқ кезіне қарай Еркеғали Рахмадиев, сексенінші жылдардың бел ортасында Дүйсен Қасейінов сынды тұлғалардың табандылығының арқасында дәстүрлі өнерімізге қайта қан жүгіре бастады. Әуелі Еркеғали Рахмадиев Жаппас Қаламбаевты шақырып, қылқобыз класын консерватория қабырғасынан ашады, сәл уақыттан соң Дәулет Мықтыбаевты алдырады. Сонымен, қыл ұшында тұрған қылқобыз аман қалды. Еркеғали ұстазының ұлағатты ісін жалғап, ректор Дүйсен Қорабайұлы 1988 жылы Құрманғазы атындағы мемлекеттік консерваториядан дәстүрлі ән-жыр мектебін ашады. Осы күні қалықтатып ән салып жүрген кәсіби әншілердің дені – Дүйсен ағамыз еккен дән десек те қисынға келеді. Күйші алған жоғары білімді әнші мен жыршы да алуы керек деп шешіп, сол жолда аянбай тер төгеді.

Бірнеше күнге ғана келген қонағымызбен сәл де болса сұхбат құрудың сәті түскенде, консерваторияда дәстүрлі ән-жыр мамандығын қалай ашқанын Дүйсен аға былайша баяндап берді: «Ол кездерде дәстүрлі әншілердің білімі екі жылдық студиямен ғана шектелетін. Ал өзім басқарған өнердің қарашаңырағы – Құрманғазы атындағы мемлекеттік консерваторияда халқымыздың үздік музыканттары мен ғалымдары тоғысқан кезең еді. Құддыс Қожамияров, Еркеғали Рахмадиев, Ғазиза Жұбанова, Ермек Серкебаев, Роза Жаманова, Кенжебек Күмісбеков, Бекен Жылысбаев, Шамғон Қажығалиев, Фатима Балғаева, Құбыш Мұхитов, Тмат Мерғалиев, Қаршыға Ахмедияров, Сәдуақас Балмағанбетов, хормейстерлер Анатолий Молодов, Базарғали Жаманбаев сынды корифейлер мен Сара Күзембаева, Алтын Кетегенова, Болат Қарағұлов, Әсия Мұхамбетова, Саида Еламанова, Сәуле Өтеғалиева сынды өнертанушы ғалымдарымыз болды. «Темірді қызғанында соқ» демекші, осы бір консерваторияның гүлденген шағында дәстүрлі әншілерімізге академиялық білім беруді жөн деп шештік. Оқуға түсуге келген алғаш абитуриенттердің емтихандарына арнайы барып қадағаладым. Бекболат Тілеухан, Берік Жүсіп, Ержан Қосбармақов сынды әнші-жыршыларымыз дәстүрлі ән-жыр класының алғашқы студенттері болды. Жастарды оқыту үшін Әмина Нұғманова, Алмас Алматов, Жәнібек Кәрменов, Қайрат Байбосынов, Сәуле Жанпейісова сынды әр мектептің өкілдерін консерваторияға шақырдым. Дәстүрді жалғастыру үшін әрине сол саланың мамандарынсыз ештеңе шешілмейтіні анық. Академиялық білім беру мақсатында дәстүрлі ән мамандығының студенттеріне теориялық пәндерді ғылым кандидаттары Айжан Бердібаева, Сағатбек Қалиев, Раушан Несіпбаева сынды ғалымдар өтсе, дауыс қою пәнін академиялық вокал өнерінің өкілі Бейімбет Қожабаев, Махмұт Тойкенов сынды әншілеріміз қолға алған болатын. Домбыра пәнін көзі тірі Қазанғап атанған Сәдуақас Балмағанбетов ағамыз жүргізді. Оқу үдерісі әбден орныққанға дейін бар назарымды дәстүрлі ән мамандығына салдым. Студенттердің оқуға қатысуын, білім беру сапасын қадағалап, тіпті, емтихандарына арнайы кіріп тыңдап отырдым. Сапалы білім көптеген өнерпаздардың тұлғалануына септесті», – дейді Дүйсен Қорабайұлы. 90-жылдардың бас кезінен бой көрсеткен осы бір өнер шоғыры қазірге дейін сахнаның көркі болып келе жатқаны талассыз ақиқат. Бекболаттың жаңашылдығы, Берік тің қобыздай күңіренген қоңыр үні, Ержанның шырылдаған «Бозторғайы», Елмираның «Кәнекей, тілім сөйлеші!» деп шалқытуы, бас дауысты Ерболдың Қали мектебін қайта түлетуі, Ардақтың «Аққайынды» толқытуы, Сержанның қалықтаған «Балқадишасы», Айгүл Елшібаеваның Наурызбекше жырлауы – «ән-жыр» кафедрасының жемісі дер едік.

Дүйсен Қорабайұлы күй дариясының ағысын баяулатпай, ескі дәстүрді жаңғырту мақсатында дала күйшілері Мағауия Хамзин, Төлеген Момбеков, Генерал Асқаров, Рысбай Ғабдиев, Бақыт Басығараев, Сержан Шәкіратов сынды қас таланттарды консерваторияға шақырып, айлап жеке сабақ бергізеді. Қарақалпақстаннан Наурызбек жырауды алдыртып, салқын сазды сыбызғыны жетілдіруді көздеп Талғат Мұқышевты Башқұртстанға жіберіп, өнерін шыңдауға күш салады. Дәл сол кездерде қазақта сыбызғы тарту өнері тоқтаған болатын. Башқұрттар қурай тарту өнерін сақтап қалды. Хакасияның ең үздік жетігеншісі Евгений Улыкбашовты Құрманғазы атындағы консерваторияға сырттай оқуға алдырып, жетіген аспабының қазақ жерінде жетілуіне күш салады.

«Адамның адамшылығы істі бастағанынан білінеді, қалайша бітіргендігінен емес» деп Абай айтқандай, Дүйсен Қорабайұлы алғаш ректор болған жылдары «Асыл мұра» жобасын жасауды қолға алды. «Асыл мұра» жобасын жасаудағы мақсат – халық өнерпаздарының аудиотаспаларын жинап-топтастырып сапалы түрде өскелең ұрпаққа мұра етіп қалдыру болатын. Саида Еламанова: «…Ғарифолла Құрманғалиев, Болат Сарыбаевтан бастап, 16-17 дискі жарыққа шықты. Қаржыны «Кока-кола» компаниясынан алып, қайраткерлік көрсетті. Өзім шәкірттеріме сабақ өткенде ауыз толтырып айтатын Қали Байжанов, Әміре Қашаубаев, Жүсіпбек Елебеков сынды әншілеріміздің сапалы аудио- таспасын таппай қиналып жүретінмін. Дүйсен Қорабайұлының бұл жобасы – өнерпаздарға ғана емес, ғалымдар үшін де баға жетпес құндылық дер едім. Қолында қандай билік болғанымен, ықылас, ниеті дұрыс болмаса жұмыс жүрмейді ғой. Дүйсекең егде тартқан ақсақалмен де, жасамыс жаспен де тіл табыса алатын, маңызды жұмыстарға келгенде ғалымдарға жүгініп, қаржы-қаражат мәселесін шешу жолында жоғарғы билікке хабарласып, қажет жерінде абыройын салып достарына иек артатын. Байдалы бидің тікелей ұрпағы – Дүйсен Қорабайұлының өзі де би» дейді ғалым. «Тектіден текті туар» деген баба тағылымы жамбыға дәл тиер нақ сөз. Алматыда 1989 жылы «Алтын алма» халықаралық фестивалі өтеді. Мыңнан аса өнерпаз қатысқан ұлы думанның ашылу салтанаты Медеу мұз айдынында мерекеленеді. Дәстүрлі өнер, классика, джаз, рок жанрлары тегіс қамтылған фестивальдің ауқымы айтарлықтай кең тұғын. Эстрада әншілеріне арналған «Азия дауысы» байқауы да «Алтын алма» фестивалінен бастау алған еді. Штаб пәтері консерваторияда орналасқан халықаралық деңгейдегі фестивальге Д.Қорабайұлы көркемдік жетекші болады. 1994 жылы Түркі халықтарының фестивалін ұйымдастыруды қолға алады. Шараны 1995-1997 жылдар бойы үзбей өткізіп тұрады және 1998 жылы мәдениет министрлігіне қарасты комитет төрағасы қызметіне барады. Уәзипалы қызметте де өнерге ден қойып, ең алғашқы жұмысы Құрманғазының 175 жылдығы аясында фестиваль мен ғылыми конференция ұйымдастырып, «Құрманғазы және Ұлы Дала сарыны» атты екі аудио дискі шығарады. Бірінші дискіге Құрманғазы күйлерін үздік орындаған күйшілер топтастырылса, екінші дискіге қобыз, сыбызғы, шаңқобыз күйлері енеді. Халықаралық ТҮРКСОЙ ұйымын 14 жыл басқарып, ұлт мәдениетіне қалтқысыз қызмет жасайды. «Біржан – Сара» операсын түрік тіліне аудартып, Түркияда сахналап, бүкіл түркі халықтарында Мағжан жылының аталып өтілуіне үлес қосады. Дүйсен ағаның есте сақтау қабілеті феноменальный десек те болады. Осыдан бес жыл бұрын халықаралық ТҮРКСОЙ ұйымы Естайдың 150 жылдық мерейтойын ЮНЕСКО деңгейінде атап өткен болатын (ТҮРКСОЙ түрік әлемінің ЮНЕСКО-сы деп те аталады). Әрине, шара сол кездегі ТҮРКСОЙ ұйымының басшысы Дүйсен Қорабайұлының ұйымдастыруымен жүзеге асты. Халықаралық жиынға менің «Бір мысқал» атты кітабымды апарып, тұсауын кескен болатын. Осы жолы Түркиядан Астана арқылы келген Дүйсен ағаны Екібастұз қалалық мәдениет және спорт басқармасының басшысы, Естайдың 150 және 155 жылдық мерейтойының туған жерінде аталып өтуіне ұйытқы болып, тізгінін қолына алып, «Глинка» атындағы музыка мектебін «Естай» атындағы музыка мектебі аталуына жанын салған әнші Медғат Манапов екеуіміз қарсы алдық. «Дүйсен аға, мынау – Қайрат Айтбаев деген жігіт, «Бір мысқал» кітабының авторы» – деп еді, Дүйсен Қорабайұлы: «Сен неге кітаптың тұсаукесеріне келмедің?», – деді. Әрі қарай әңгіме кешкі ас үстінде жалғасты. Дүйсен ағаны сөйлетпек ниетпен: «Сіз шертпе күйдің отанынансыз ғой…» – деп едім, «Жалпы айтып отырсың ба, нақты айтып отырсың ба?», – деп сұрақты өзіме қойды. «Сіз Сенбектің тұқымысыз ғой» – дедім. Сонда Дүйсағаң: «Нақты айтып отыр екенсің», – деді. Айдостың Сенбегінің «Наз қосбасар» деген бір күйін біз де тартамыз. Сенбек күйші қуғын-сүргіннен аман қалмаған. Жазықсыз жала жауып, ату жазасына кескен. Сол себепті күйлері де толық жетпеген. Жас күнінде Мексика оркестрінде еңбек еткен скрипкашы Дүйсен ағаның нағашы атасы да – қазақ өнеріне олжа салған дәулескер күйші болғаны анық. Дүйсен Қорабайұлы әкелген бейнетаспа екі сағат жиырма минуттық екен. Ол бейнетаспаны мерейтой аясында көрсету үшін монтаждау қажеттілігі туды. Таңертеңгі оннан түс ауа екі жарымға шейін тапжылмай жұмыс істедік. Бір секундтың өзін қалт жібермейтін, 76 жасқа келген Дүйсен ағаның асқан жауапкершілікпен тік отырып іс тындырған қуаттылығына қайран қалып, парасат пайымына тәнті болдым. «Алыстан келдім, өздерің монтаждап алыңдар» десе де болар еді-ау! Олай етпеді. Жас күнінен қалыптасқан еңбекқорлық пен кәсібилік қой деп жорыдық. Дүйсен Қорабайұлы Қасейіновті бір көргендегі әсеріміз осы. Қазақтың «Жақсыны көрмекке» дейтіні содан болар.

Дүйсен аға ректор, министр болды. Бірақ ол кезде «Ән шашу» деген жалған дәстүр сахнада сайран салмап еді. Әр өңірдің бір-біріне еш үйлеспейтін ән-жырынан үзінді айтып, попурри жасамайтын. Осы бір жалған дәстүр ресми концерттерден бастау алып, облыс орталықтары мен аудандарға үлгі боп кетті. Мұндай дәстүр болған емес, ән-шашу – «дәстүрлі өнеріміз жасасын!» деп ұрандап жазылып тұрған плакат. Эстрадаға он бес әнші шығып, бір мезетте «Гүлдер-айды» айтпайтын. Күйшілер сахнаға шығып, тізерлеп отырып күй тартпайтын. Дастархан басында ғана ыңылдап айтатын әндер сахнаға шықпайтын.

Қорыта айтқанда, Дүйсен Қорабайұлы – дәстүрлі өнерпаздарға терең білім беріп, оларды сахнада шыңдап, бұрынғы өткен дауылпаздардың мұрасын жинақтап, республикалық және халықаралық ғылыми конференциялар арқылы Қазақстан және шет ел ғалымдарының назарын дәстүрлі өнерге бұрған, фестивальдар арқылы Түркі музыкасының түбі бір екенін меңзеп, жоғары деңгейдегі концерттер арқылы халықтың талғамын тәрбиелеген бірегей тұлға. 80-жылдардың орта тұсынан 2000 жылдардың бас кезіне дейінгі уақыт – қазақ музыкасының, әсіресе дәстүрлі өнерінің алтын дәуіріндей болғаны ақиқат.

Кейде бір жақсы шығарма оқыған-да немесе асқақ ән тыңдағанда рухани сауығып қаламыз ғой. Атасынан аса туған, ұстазынан кем түспеген, Алаштың аманатын арқалаған Дүйсен ағамызбен екі күн құрған сырлы сұхбат көңілімізге жарығын түсіріп кеткен болатын. Осылайша көңілден шыққан көркі ойды қағазға түсіруді құп көрдік, қадірлі оқырман.

Қайрат АЙТБАЕВ,
күйші, өнертанушы

«Жоғалған қыз»

Елеусіз Мұхамәдиұлының бір романы туралы

Қазақ халқы үшін 1991 жылдың орны ерекше. Қаншама буын өткен ұрпақтың аңсаған арманы орындалып, тәуелсіздікке қол жеткіздік. Тәуелсіздіктің тәтті жемісін татудың бір көрінісі – кезінде түрлі саяси жағдайларға байланысты шекараның сыртында қалып қойған миллиондаған қазақтың арғы беттен ағылған Ұлы көші еді. Ұлы көшті ең алғаш Алтайдың күн бетіндегі «жақын да алыс» жатқан Моңғолия қазақтары бастады.

Қопарыла қоныс аударар Ұлы көшке ең алғаш үн қосып, демеу болған – көзі ашық, көкірегі ояу ұлт зиялылар, соның ішінде қолына қалам ұстаған шығармашылық иелері болды. Солардың қатарында Ұлы көштің дүбіріне үн қосып, Атажұртқа қоныс аударып келген қаламгерлердің бірі – жазушы Елеусіз Мұхамәдиұлы болды. Проза жанрында өнімді еңбек етіп, Моңғолиядағы қазақ қаламгерлері арасынан «Қобда қойнауында» атты роман жазып, осы жанрға алғаш түрен салған талантты жазушы Елеусіз Мұхамәдиұлы Атажұртқа, Сарыарқаның кіндігі Қарағанды облысына қоныс аударып келіп, шығармашылық ғұмырын жалғастырды. Тағдырдың пешенеге жазған ғұмыры осы қасиетті өлкеде аяқталып, мәңгілік тыныс тапқан қаламгердің туғанына 2023 жылы 85 жыл толып отыр.

1938 жылы қазіргі Баян-Өлгей аймағының солтүстік- шығысында жатқан Баяннуур өлкесінде дүниеге келген Елеусіз Мұхамәдиұлы жоғарыда атап өткеніміздей, Моңғолия қазақтары әдебиетіндегі тұңғыш романист ретінде әдебиет тарихында таңбаланды. Жазушының ең көлемді де, сюжеті күрделі туындысы – «Жоғалған қыз» роман-дилогиясы туралы азкем тоқталып өтуді жөн көрдік. Роман туралы кезінде Моңғолиядағы әдеби, зиялы қауым өз пікірлерін білдірген болатын.

Елеусіз Мұхамәдиұлының «Жоғалған қыз» романының оқиғасы Моңғолия жерінде өтеді. Роман Ертай атты қарапайым қазақ жігітінің күрмеуі көп, күдірлі тағдыр жолына құрылған. Қапияда көз жазып қалған Бағила атты кішкентай сәбиін өмір бойы аңсап-іздеумен болған Елтайдың сан тараулы тағдыр жолы романда суреттелетін дәуірдің ірі оқиғалары мен саяси-құрылымдық өзгерістерімен, ел өміріне енген жетістіктермен шынайы өріліп отырады. Қазақ, қайда жүрсе де, достыққа адал, бауырмал, еңбекқор халық. Романда Елтай мен оның айналасындағы моңғол ұлты өкілдері арасындағы адами қарым-қатынастарды бейнелеуде осы қасиет анық аңғарылады. Романда қазақ пен моңғол ұлтынан шыққан қарапайым еңбек адамдары арасындағы достық қарым-қатынас шынайы суреттелген.

Бай туысы Малтабардың малшылық, жалшылығында жүрген қарапайым қазақ азаматы Елтай жеке өмір жолында кездескен қаншама қиындықтарға қарамастан алға қарай талпынып сауат ашып, тіл ұғып, білім игеріп, өмірден өз орнын таба біледі. Романдағы Елтайдың өмір жолы – өткен ғасырдың қырқыншы жылдарда Алтайдың алыс түпкірінде, мал соңында өтіп жатқан бір сарынды бұйығы тірлік қалпын батылдықпен бұзып, жұмысшы табының қатарына қосылған мыңдаған қазақ жастарының ортақ бейнесі. Коммунистік дәуір идеологиясы бойынша «тап», «буржуазиялық» немесе «үстем тап», «кедей тап» деген әдепкі қолданыстар болатын. Сол дәуірдегі кез келген туындыда бұл ұғымдар көрініс табуы да заңдылық еді.

«Жоғалған қыз» романында да осы таптық көзқарас айқын суреттелсе, ол – өз дәуірінің сұраныс-талабы. Кейінгі кезеңдерде соцреализм талабы әралуандыққа ауысып, жазушының шығармашылық еркіндігінің ауқымы кеңейгенімен, күшті мен әлсіздің, бай мен кедейдің, қатыгез бен бейуаздың арасындағы мәңгілік қарама-қайшылық өзгеріссіз қала бергендігін көреміз. Осы тұрғыдан алғанда, «Жоғалған қыз» романында суреттелетін көп оқиғалар, кейіпкерлер тағдыры – дәуірдің талап-нұсқамасы коммунистік бояуларды айтпағанда өзінің шынайылығымен ерекшеленеді. Сонау Үгедей қаған заманынан бері сегіз ғасыр бойы аттың күшімен үздіксіз қызмет атқарып келген байланыс жүйесін машина алмастыруы, осы қызметті атқару жолындағы қатерге толы сапарлар, табиғаттың тосын мінезінен туындайтын қиыншылықтар, қарапайым тізгінші-жүргізушілердің жанкешті тірлігі – роман оқиғаларының арқауы десек, мұның өзі олардың жеке өміріндегі қуаныш пен жұбаныш арқылы егізделе өрбіп отырады.

«Ең қызықтысы сол – төрт жасында жоғалған Бағиласын іздеген әке сағынышты сарыла шығарма оқиғасының шиеленісуіне түрткі боларлық кездейсоқтықтарға жетелейді. Әкесі мен баласының жиі кездесе беруі, сөйте тұра, ондаған жылдар бойы бірін-бірі білмеуі оқырмандарды баурап, қызықтыра түседі. Автор сюжетті картиналар жасауға зейін қойып ықшамдылықты мұрат тұтқан», – деп атап көрсетеді академик Рымғали Нұрғали «Қазақтың жүз романы» атты зерттеу еңбегінде. Романдағы көркемдік шиеленістердің соңында сәтті шешім табуының өзі оқырманға арқадан үлкен жүк түскендей, қуаныш сезімін ұстейді. Романдағы қарапайым адамдар, тілі, ділі, діни көзқарасы, өмір сүру салты, басқа екі ұлт өкілдері арасындағы қарым-қатынас Абай «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп», – дейтін ұлы ұстанымның аясында өрбіп отыратынын көреміз. Осы тұрғыдан келгенде романның құндылық сипаты арта түседі.

Кез келген туындыда авторлық көзқарас болатыны заңдылық. «Жоғалған қызда» да Елеусіз Мұхамәдиұлының өз ұлтының тағдырына деген алаңдаушылық қалпы қылаң беріп отырады. Соның бірі – тілбұзарлық. Мұны біз жазушының осы келеңсіз жағдайға қатысты мына бір суреттеуінен көреміз: «Соңсоң үлкен келіні орындық болдырып, төңкерді де, өзі соған отырып, тізесіне қойылған былғары сөмкесінен жұқа, түбі қырқылған дәптер, жыртылған газет алып, көпке дейін үңіліп отырды да сөзін бастады. – Нам, засық бізге том далғыбыр беріп отыр. Ажылшын әңгі өсу керек, – деп бастаған сөзін бақырға құрғақ қуырған бидайдай бытырлатып, ырғалып, теңселіп, қасын керіп, мұрынын шүйіріп тұрып, зорға аяқтады». Автор «партия мен үкімет бізге үлкен міндет жүктеп отыр, жұмысшы табы өсуі керек» деген ұғымды тілбұзарлыққа салып отырған пәруайсыздықты шенеп отыр. Тағы бір тоқталатын тұс – роман тіліндегі сөз қолданыстар, архаизмдер. Бүгіндері ұмыт болған немесе сирек қолданылатын қасқарша, мескей, мүйет, т.б. сөздердің мағыналық қолданыстарын романнан аңдауға болады.

«Жоғалған қыздағы» кейіпкерлердің толғанысын ішкі ой-иірімдерін автор сезім арпалыстары арқылы беруге талпынған. Жеке кейіпкерлер психологиясын да, бас характерлер психологиясын да талдай жазу баянөлгейлік қаламгерлердің шығармаларында кездеседі. Бұл олардың көркемдік-идеялық ізденісіндегі жетістіктері еді», – деп орынды пайымдай отырып, бұл шеберлік қасиеттің Қобда бет топырағында туып-өскен қаламгерлер шығармашылығына тән үрдіс-машық екенін орынды атап өтеді, академик Р.Нұрғали. Мұны жеке автордың да, аталған елде қазақ әдебиетінің дамуына өзіндік үлес қосып, шығармашылық ғұмырын сарп еткен өзге де прозаик қаламгерлердің қалам қарымына берген баға деп түсінуге болады.

Елеусіз Мұхамәдиұлы шығармашылық ғұмырының Баян-Өлгейдегі, Атажұрттағы кезеңдері туралы әдебиет зерттеушілер қарастырып, қалың оқырман қауымға таныстыруы парыз. Осы ретте бір айта кетерлігі, Моңғолия қазақтары жасаған әдебиеттің көрнекті өкілі, жазушы, драматург, аудармашы Құрманхан Мұхамәдиұлы мен романист жазушы Елеусіз Мұхамәдиұлының тегіне қарап, әрі бір елден болған соң, бұл екі қаламгер бірге туған ағайындар ма деген сұрақ қойылып жататыны бар. Арғы түбі абақ дейтін бірлестікке барып тірелетіні болмаса, екі жазушының жақын туыстық жақындығы жоқ болар. Екі жазушыға ортақ тағдыр жолы дейтін болсақ, Құрманхан Мұхамәдиұлы 1942-1943 оқу жылы Елеусіз Мұхамәдиұлы туып-өскен Баяннуурдағы бастауыш мектепте мұғалім, 1956 жылы осы өлкеде құрылған «Гүл» бірлестігінің (колхоз) басшысы болып қызмет істегендігін атап өткен жөн.

Елеусіз Мұхамәдиұлының туған қарындасы Егеухан Мұхамәдиқызын күллі қазақ әлемі аға буын айтыскер, жазба ақын ретінде таниды. Қалам қарымын, талант-дарынын туған халқының рухани қазынасын байытуға арнаған жазушы Елеусіз Мұхамәдиұлының есімі туған халқымен бірге мәңгі жасай берері сөзсіз.

Асылбек БАЙТАНҰЛЫ,
әдебиеттанушы

Мемлекеттік сатып алу электронды форматта

Мемлекеттік сатып алу саласында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайту мақсатында, сондай-ақ әлеуетті өнім берушілердің жұмыс өтілі туралы жалған ақпарат беру фактілерін болдырмау үшін енгізілген өзгерістердің бірі жаңа бағыт – электрондық депозитарий. Бұл – мемлекеттік сатып алу веб-порталында қалыптасатын, әлеуетті өнім берушілердің жұмыс тәжірибесін растайтын мәліметтер мен құжаттардың электрондық дерекқоры. Депозитарийдегі мәліметтерді барлық растайтын құжаттардың негізінде өнім берушілер өздері толтырады.

Бұдан бұрын, электрондық депозитарий құрылғанға дейін әлеуетті өнім берушілердің жұмыс тәжірибесі болуы үшін шартты жеңілдіктерді өткізілетін сатып алуды ұйымдастырушы тарапынан сөз сөйлейтін лауазымды тұлғалармен есептелген. Нәтижесінде егер шартты жеңілдіктер дұрыс есептелмеген жағдайда немесе басқа да жіберілген қателіктер жеткізушілердің наразылықтарын, шағымдарын тудырды.

Бүгінгі таңда, электрондық депозитарий – жұмыс тәжірибесі үшін шартты жеңілдіктерді автоматты түрде есептейтін құралдар жинағы.

Электрондық депозитарийдің ақпараты әлеуетті жеткізушілердің тәжірибесін автоматты түрде есептеуі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін, оның ішінде жалған ақпарат беру, бұрмалау, жұмыс тәжірибесін жасанды арттыруды болдырмауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, мемлекеттік сатып алу кезінде сыбайлас жемқорлықты болдырмаудың бірден-бір жеткізушіні таңдау процесінде адами шешім факторларын алып тастау. Мемлекеттік сатып алулардағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің бірі – ірі көлемдегі сатып алулар (құрылыс-монтаждау жұмыстары және жобалау бойынша жұмыстар) үшін өнім берушіні таңдаудың негізгі критерийі жұмыс тәжірибесінің болуы үшін шартты жеңілдіктермен есептелді. Сондықтан да, манипуляция фактілерінің көпшілігі жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттармен жүзеге асырылды.

Осы фактілердің алдын алу үшін электрондық депозитарий, яғни, жұмыс тәжірибесін растайтын барлық құжаттардың электрондық базасы.

Қарағанды облысы бойынша қазынашылық департаменті туралы Ережесіне ҚР Қаржы министрлігі қазынашылық комитетінің 2021 жылы 14 маусым №2003 бұйрығының негізінде мемлекеттік сатып алу саласында электрондық депозитарий қалыптастыру және жүргізу бойынша жаңа функциялары жүктелді. 2021 жылғы 1 тамыздан бастап, бүгінгі уақытта мемлекеттік сатып алу веб-порталында электрондық депозитарийді қалыптастыру, жалпы оны жүргізу барысында, соңғы он жылдағы әлеуетті өнім берушілердің жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар мен мәліметтерді тексеру, верификациялау процесінде орасан зор жұмыс атқарды.

Электрондық депозитарийде толтырылған мәліметтерді қазынашылық органдар тұрғысынан қарау барысында растауды үш кезеңді бақылау жүйесі енгізілді, яғни, «растау» маманнан бастап, бөлім басшысы, мәліметті растау бойынша түпкілікті шешімді департамент басшысы қабылдайды, ал анықталған қателік, сәйкессіздіктер негізінде ауытқу/қабылдамау барысы маман, бөлім басшысы, департамент басшысының орынбасарының деңгейінде бекітіледі.

Әлеуетті жеткізушілердің өтінімдерін аумақтық қазынашылық органдары арасында автоматты түрде «рандомно» түседі және өтінімді он жұмыс күн ішінде қарап, нәтижелері бойынша растау немесе растаудан бас тарту/ауытқу туралы шешім қабылдайды.

«Расталған» мәртебесі бар электрондық депозитарийдегі мәліметтер мен құжаттар конкурстық комиссияның назарына алынып, конкурстық ұсынысты қалыптастыруға және жеңімпазды анықтауға тікелей әсер етеді, бұл ретте «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның 47-бабына сәйкес шағымдануға жатпайды. Өткізілетін мемлекеттік сатып алу конкурсының қорытынды нәтижелері депозитарийдің электрондық базасын дұрыс толтыру, түзетулер, мәліметтер мен құжаттарды сапалы қарауы сот ісін жүргізу, даулы жағдайларды, шағымдану рәсімдерін барынша азайтуға әкеледі.

Осылайша, электрондық депозитарий әлеуетті өнім берушілер үшін де, тапсырыс берушілер/ұйымдастырушылар үшін де сатып алуға қатысуды және өткізуді оңайлату құралына айналды.

Бүгінгі күні, электрондық депозитарийді қарастыру тәртібі қысқартылды. Электрондық депозитарийді қарастыру және жүргізу Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 8-тарауына сәйкес реттеледі.

Мемлекеттік сатып алу – мемлекеттік реттеудің ең күрделі салаларының бірі. Олардың барынша ашықтығы мен айқындылығын қамтамасыз ету үшін жоспарлаудан бастап, төлемге дейінгі бизнес-процестерді 100 пайыз цифрландыру енгізілді. Толық автоматтандыру мемлекеттік сатып алудың барлық рәсімдеріне, соның ішінде, шағымдану және бақылау процесіне жұртшылықтың қолжетімділігін ашты.

ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңына рейтингтік-балдық жүйені пайдалана отырып, конкурс түрінде сатып алудың жаңа тәсілі енгізілді (2022 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді). Мемлекеттік сатып алудың бұл әдісі рейтингтік-балдық жүйені қолдануға негізделген және мемлекеттік сатып алу процесіне адамның қатысуынсыз және конкурстық комиссиясыз жүзеге асырылады. Мемлекеттік сатып алу веб-порталы әлеуетті өнім берушілерге автоматты түрде тиісті балл (ұпай) береді. Мысалы, жақсы беделге ие болғаны үшін (жұмыс тәжірибесі, қаржылық тұрақтылық, кепілдік мерзімі ұзағырақ) электрондық жүйе оң ұпайлар береді. Керісінше, жаман бедел (бұрынғы шарттар бойынша мерзімі өткен, тұрақсыздық айыбы бар, немесе жосықсыз компаниялар тізілімінде әлеуетті өнім берушінің бұрынғы болуы) теріс ұпай беруге әкеп соғады. Мемлекеттік сатып алудың бұл тәсілі құрылыс-монтаждау жұмыстарын және жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу жөніндегі жұмыстарды сатып алу бойынша қолданылады. Осы саладағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмаудың кепілі.

«Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығына, 2023 жылғы 20 сәуірдегі №402 бұйрыққа өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Өзгерістер қаржылық тұрақтылықтың жақсы көрсеткіштері бар компаниялармен бірігу және қосылу арқылы құру процедурасынан өткен компанияларға қатысты.

Енді қайта құру (бірігу, қосылу және қайта құру) нәтижесінде алынған жұмыс тәжірибесі бар әлеуетті жеткізушілердің өтінімдерін қарау, уәкілетті органның ведомствосы және аумақтық бөлімшелері қайта ұйымдастырылатын заңды тұлғалардың қаржылық тұрақтылығы көрсеткіштерінің веб-порталында жаңартылғаннан (біріктірілгеннен) кейін қарайтын болады.

Егер әлеуетті өнім берушінің бірігу, қосылу және қайта құру жолымен қайта ұйымдастыру нәтижесінде алынған жұмыс тәжірибесі болса, құжаттардан басқа, осы жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар электрондық көшірмелер негізінде болып табылады.

Электрондық депозитарийді қарастыру және жүргізу жөніндегі функцияларды сапалы және уақытылы орындау мақсатында бүгінгі күні электрондық депозитарий базасын толтыру процесі жалғасуда, жұмыс процесінде қажеттілігіне қарай техникалық-функционалдық мүмкіндіктер, заңнамалық деңгейде қажетті түзетулер енгізілді, сатып алу порталында рәсімдерді автоматтандыру жаңартылды, өтінімді «қарауда» мәліметтердің дұрыстығы, толықтығы, растау, ауытқу/қабылдамаудың негіздігі, белгіленген мерзімде уақытылы өңделуі, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмауға, сондай-ақ мемлекеттік сатып алу жүйесін одан әрі жетілдіруге бағытталған.

Б.АХМЕТЖАНОВА,
Қарағанды облысы бойынша қазынашылық департаменті басшысының орынбасары

● МЕРЕКЕ ШУАҒЫ

Тағылы төрінде

Жақында киелі Тағылы төрінде Жұмыскер ауылының тоқсан жылдық мерейтойы аталып өтті. Мерекелік шара барысында ауылдың дамуына, өсіп-өркендеуіне атсалысқан айтулы азаматтардың аруақтарына Құран бағышталды. Ауыл әкімінің арнайы шақыртуымен «ҚазАгроҚаржы» АҚ ауыл шаруашылығы техникаларының көрмесін ұйымдастырды. Арғымақтар аламанға түсіп, палуандар боз кілемде күш сынасты. Түркия, Оңтүстік Корея елдерінен келген шетелдік қонақтар да ауыл тойын тамашалап, ақжарма тілектерін жеткізді.

Нұрдос ҚӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Тойдың ашылу салтанатында сөз алған Шет ауданы әкімінің міндетін атқарушы Дәурен Карсембаев құттықтау сөзін арнап, мерейтойдың өтуіне мұрындық болған барша азаматтарға алғысын білдірді.

– «Туған жерге туың тік» демекші, дүбірлі даланы думанға бөлеп, ауылдың мәртебесін биіктеткен торқалы тойға осы өңірде туып-өскен жандардың баршасы атсалысып жатыр. Аудан басшысы ауылдың 90 жылдық мерейтойына орай абаттандыру жұмыстарына бюджеттен қаржы бөлдіріп, бүгінде ішкі көше жолдарын жөндеу мен жарықтандыру жұмыстары қолға алынды. Жұмыскер ауылының гүлдендіретін игі шаралар әлі де атқарылады, – деді Дәурен Карсембаев.

Бұдан кейін Қарағанды қаласының Қ.Байжанов атындағы концерттік бірлестігі, «Арқа сазы» фольклорлық ансамблі өнерпаздарының орындауындағы күйлер мен әуелете салған әндер мереке шырайын аша түсті. Сонымен қатар, той өткен төңіректе көктен төмен түскен парашютшілердің әуеде өнер көрсетуі бұқараны тамсандырды. Ауылдың азаматтары тіккен киіз үйлерде ас беріліп, торқалы тойға арналған ұлттық спорт сайыстары ұйымдастырылды. Дүбір көрсе, тұяғы қызатын тұлпарлардың жарысы мен шиыршық атқан палуандардың белдесер сәтін көпшілік асыға күтті. Алдымен бағы мен бабы келіскен білекті палуандар боз кілемде күш сынасып, жекпе-жектің төресін көрсетті. Қазақ күресінен өткен палуандар бәсекесінде 55 келі салмақта I орын алған Еркін Ерали жүлдеге тігілген тайды еншілесе, II орынға тұрақтаған Еркін Бекали – 60 мың теңгемен, III орынды місе тұтқан Ілияс Дулатов 40 мың теңгемен марапатталды. 60 келі салмақта қарсыластарын қапыда қалдырған Бейбарыс Алтаев жүлдеге тігілген тайды тақымдады. Осы салмақта II орынға – Шыңғыс Төлеуов, III орынға Ш.Уәли Ермұхан тұрақтап, ақшалай сыйлық табысталды. 90 келі салмаққа тігілген тай жүлдесі Алдияр Тойбековке бұйырды. II орынды – Бекнұр Төкіш, III орынды Мұхамадүл Жәмкей жеңіп алды.

Ауылдың тоқсан жылдығына арналған ауқымды шара барысында желдей жүйрік арғымақтар аламанға түсіп, 31,7 шақырымға шапты.

Алдына қара салмаған қарағандылық «Қамбар» атты сәйгүліктің иесі 3 млн. теңге мен құнанға ие болды. Екінші болып мәре сызығын кескен алматылық «Баталы» атты сәйгүліктің атбегісі мотоциклді еншіледі. Сондай-ақ, үшінші болып жарысты аяқтаған Өспен ауылынан «Қозыкүрең» атты сәйгүліктің иесіне де мотоцикл табысталды. Төртінші келген «Қоянқасқаның» иесіне телевизор және бесінші болып мәреден көрінген Еңбекшіл ауылынан «Айфон» атты жүйрігінің иесіне жүлдеге тігілген қой берілді.

Сондай-ақ, тай жарысынан бірінші болып «Жезкиік» атты тай келіп, мотоцикл табысталды.

Шет ауданы

● ТАҒЫЗЫМ

Есенгелді есімізде

Қарағайлыда кент тұрғындары мен алыстан әдейілеп келген қонақтар аяулы азамат, жарық жұлдыздай ағып өткен айтыскер ақын, «Кент маржандары» ансамблінің белді әншісі Есенгелді Қабыкеевті еске алды.

«Есіміздесің, Есенгелді!» аталған кешті бірге оқыған, бірге жүрген досы, айтулы ақын Руслан Нұрбай ұйымдастырып, жүргізді. Ол Есенгелдінің от ауызды, орақ тілді, асаба, тауып сөйлейтін шешен, батырып айтатын бетті ақын екендігін айта келіп, бірінші кезекте елін сүйген ерен азамат болғандығын тілге тиек етті.

– Есенгелдіден алған тәліміміз көп болатын, әттең, сұм ажал арамыздан ертерек алып кетпегенде үйренетін жақтарымыз әлі де аз емес еді. Жасынан өнерге бейім болды. Солақай тартатын домбырасын өз бетімен үйренді. Жүрген жерінде ойын-тойдың гүлі еді. Сахнаға шығуға жол көрсетті. Оның аузынан шыққан түйдек-түйдек сөз түйіндерін тыңдап отырып, қайдан тауып айтатынына таң қалатынбыз, – деді Руслан.

«Ол мектепте жүрген кезінде-ақ жас ақындардың айтысына қатысып жүрді. Сол өнерін әрқашан жетілдіре берді. Республикалық және облыстық ақындар айтысында сан рет жүлдегер болды. Тіпті, әскер қатарында жүргенде республикалық ақындар айтысына қатысып, жүлделі екінші орынды жеңіп алып, әскери бөлімге олжа салыпты. Әскер қатарында жүргенде құрбы-құрдастарына хатты өлеңмен жазады екен. «Әттең, сол хаттарды сақтай алмай қалдық», – деп өкінеді достары. Міне, сол Есенгелдінің өмірден өткеніне он жылдың жүзі болыпты. Егер тірі болғанда ердің жасы елуге келетін еді.

Әуелгі сөзді Қазақстан Жазушылар одағының мүшелері Сүйіндік Жанысбай мен ақын, филология ғылымдарының докторы, ҚарУ-дың профессоры Қойлыбай Асанға және Қазақстанның Құрметті журналисі Оралбек Жүнісовке берілді. Олар Есенгелдінің ақындығын, замандастарынан оқ бойы озық болған алғырлығын ерекше атап өтті. Қабыкей ата ұрпағының ұлы Рысбай мен Мұсайын ата ұрпағының қызы Зиякүлдің отбасында дүниеге келген Есенгелдінің үлкенге құрмет, кішіге ізет білдіре алатын ерекше мінезіне тоқталды.

– Менен бес-алты жас қана кіші болғанына қарамастан, бір кезде айтыстарда бірге жүрдік. Жақсы жолдас болған едік. Талай айтыстарды бірге өткердік. Мен үйленгенде сонау Жаңаарқадағы менің тойыма арнайы келіп қайтқан еді, – деп еске алған Қойлыбай ақын Есенгелдіге арнаған толғауын оқыды.

«Қасым» журналының бас редакторы, жазушы Серік Сағынтай көңіліндегі ойын ортаға сала келіп, Қойлыбайдың Есенгелді досына арнаған эссесінің «Қасым» журналында жарық көргендігін атап айтты.

Дүлдүл әнші, өнер майталманы Сержан Мұсайын жиенінің осы кешіне әдейі келіп, ән орындап, жиналған жұртшылықты бір желпінтіп тастады. Айтыс ақындары Айтбай Жұмағұл мен Мақсат Ахан сахнада шарпысып, көкейінде жүрген кейбір мәселелерді көтерді. Әзілдерімен жиналған тұрғындарды бір серпілтіп, елдің қошеметіне бөленді.

Кеште жас ақындардың да өлеңдері тыңдалды. Бұдан соң Есенгелдінің бірге оқыған достары ақынның анасы Зиякүл Мұсайынқызының иығына шапан жапты. Шақырылған қонақтарға деген ризашылығын білдіріп, сый-сияпат жасады. Достарын ешқашан ұмытпай, әрқашан есте сақтайтындығын айтып өтті.

Кеш соңында Есенгелді Рысбайұлының рухына дұға бағышталып, кент мешітінде арнайы ас берілді.

С.АҚБАЕВ

Электрондық пошта:
ortalyk.kaz@mail.ru

Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексінің, «Мемлекеттік қызмет және жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңдарының нормаларын департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 9.00-18.00-ге дейін жұмыс тәртібімен 56-31-35, 56-25-82 сенім телефондары қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы fink.kar@minfin.gov.kz

д

● ОҚУ ОРДАЛАРЫНДА

Софының сом туындыларын тарту етті

Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінде «Қаракесек кәрсөн» қоғамдық қорының өкілдерімен тағылымды кездесу өтті. Қор өкілдері қазақ әдебиетінің айтулы өкілі, сөз зергері, көзі тірі классик жазушы, ақын, драматург Софы Сматаевтың 25 томдық шығармалар жинағын университет кітапханасына тарту етті.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кездесу барысында университет ректоры Нұрлан Дулатбеков тарихи тақырыптарға қалам тербеген жазушы Софы Сматаев шығармаларының жас ұрпақ үшін маңызын айтты. Сондай-ақ, қаламгердің көптомдық шығармалар жинағын тарту еткені үшін «Қаракесек кәрсөн» қоғамдық қорының өкілдеріне алғыс білдірді.

«Қаракесек кәрсөн» қоғамдық қорының құрылғанына жарты жыл ғана болыпты. Қор қоғамдағы игі істердің бастамашысы болуда.

– Қарағандыдағы білімнің қарашаңырағы Бөкетов университетіне қазақтың көрнекті жазушысы Софы Сматаевтың 25 томдық шығармалар жинағын әкеліп, табыстадық. Келешек ұрпақ, жастар Софының қаламынан туған проза, лирика, драматургия, романдарын оқып, білім көкжиегін кеңейтсін деген ниетпен оқу ордасына тарту еттік. Бұған дейін Софы Қалыбекұлының кітаптары өзі туып-өскен елді мекендерге таратылды. Кітап жетерлік. Қарағанды облысына толық таратпақпыз, – деді «Қаракесек кәрсөн» қорының төрағасы Қазгелді Жұмашұлы.

Ол өз сөзінде Қарағанды облысының мектептеріне, кітапханаларына, соның ішінде, Шет ауданының Жұмыскер ауылына, Қайрақты, Ақадыр, Босаға, Киікті, Мойынты, Сарышаған ауылдарына жазушының кітаптар топтамасы сыйға тартылғанын айтты. Одан бөлек, Қарқаралы, Ақтоғай аудандарында, Балқаш қаласындағы оқырмандардан тапсырыс түсіп жатқанын жеткізді.

Қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар жазушы Софы Сматаевтың қаламынан туған шығармалары еш уақытта оқырман назарынан тыс қалмайды. Қоғамдық қор өкілдерінің бастамасымен әкелінген қаламгердің 25 томдық шығармалар жинағы университеттің кітапхана қорын толықтырды.

Жиын соңында қадірлі қонақтар университет аумағындағы «Күй аллеясына» арнайы ат басын бұрып, сиқырлы орындықтарды тамашалап, күй тыңдап қайтты.

● МҰРА

Тәттімбет есімі Түркияда ұлықталды

Түбі бір түркіге аты ортақ күй құдіреті Тәттімбетті білмейтін жан кемде-кем. Бұдан бұрын 2016 жылы күйшінің 200 жылдығына арналып, Түркияның астанасы Анкарада саябағы ашылған еді. Енді, міне, дәл сол түрік ағайындардың төрінде Тәттімбет Қазанғапұлының еңселі ескерткіші бой көтерді. Жобаның іске асуына Қарағанды облысының әкімдігі қолдау білдіріп, ұлттық руханияттың жанашыры, мемлекет және қоғам қайраткері Дүйсен Қасейінов мұрындық болған.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Мұндай нысандар халық пен халықты бірлестіріп, бірін-бірі жақсы тануда баса рөл атқарады. Сондықтан екі қандас елдің ынтымағын ыдыратпас осындай тарихи мұраларымыздың саны арта берсін. Бұл ескерткіштің қос елдің келешегіне де әсері бар. Екі елдің тығыз байланысын біздің ұрпақтар танып-біліп өсуі керек, – деп атап өтті Этимесгут муниципалитеті мәрі Энвер Демирел.

Расында, аты аңызға, ал шерткен күйі ертегі, дастанға айналған Тәттімбеттей тұлғаның бейнесі қай заманға болсын жарасары хақ. Түрік ағайындардың айтуынша, енді бұл ескерткіш әрқашан екі ел арасындағы айнымас бірліктің белгісі болмақ. Ескерткіш өте сапалы жасалған. Туынды авторы Мұрат Мансұровтың сөзінше, тұлғаның бейнесін келтіру оңайға түспеген. «Оның өрлігі, бойындағы мінезін бір бейнеге сыйғызуға тырыстық» – деді ескерткіш авторы. 2,5 тонна қола ескерткіш – Қарағанды облысы әкімдігінің Түркия еліне тартуы.

Осынау Түркия Республикасының 100 жылдығына орайластыра ұйымдастырған шараға Тәттімбет Қазанғапұлының ұрпағы арнайы келіпті. Айтуынша, Оғыздан бергі ортақ мекен Анадолыда бабасына арналып, бой көтерген ескерткіш – күллі қазақ елі үшін зор мәртебе.

– Түркия астанасында Тәттімбет бабамызға ескерткіш ашылуының куәсі болдым. Ескерткіштің ашылуы тек Тәттімбет ұрпақтары, Қарағанды облысы емес, жалпы қазақ еліне деген зор құрмет, – дейді Тәттімбет Қазанғапұлының ұрпағы Сләмиден Нұркенов.

Тәттімбет Қазанғапұлының есімі ұлықталған жерде әрқашан да Тәттімбет халық аспаптары оркестрі жүреді. Бұл жолы да, өнерпаздар Анталия, Анкара мен Аланияға барып, жергілікті тұрғындарды домбыра мен қобыз шанағынан шыққан сазды әуендерге бөледі.

Естеріңізде болса, бұдан жеті жыл бұрын Халықаралық ТҮРКСОЙ ұйымының ұйымдастыруымен Анкара қаласында Тәттімбет Қазанғапұлы атындағы саябақ ашылды. Бұл – Қазақстанның Түркиядағы Елшілігінің қолдауы және Қарағанды облысының әкімдігінің атсалысуымен жүзеге асқан еді. Саябақ – Анкара қаласы Этимесгут муниципалитеті тұрғындарының игілігіне берілген демалыс алаңы. Этимесгут муниципалитеті мәрі Энвер Демирелдің айтуынша, бұл жерде атақты күйші Дина Нұрпейісова мен ағартушы Ахмет Байтұрсынұлының есімі берілген қос саябақ бар. Олар бұл есімдер арқылы екі ел арасында байланыстың күшейе түскенін зор мақтанмен айтады.

● БОКС

Головкин рингке шыға ма?

Орта салмақтағы бұрынғы Әлем чемпионы Геннадий Головкин мен британдық боксшы кіші Крис Юбэнк арасындағы жекпе-жек болады деп күтілуде. Мамандар қос қарсыластың тәжірибесі мен мүмкіндігінің тең екендігін айтуда. Жуырда отандасы Лиам Смитті нокаутпен жеңген Юбэнк Головкинмен қолғап түйістіргісі келетінін айтқан.

«Головкин Юбэнкпен жекпе-жекте басым түсуі мүмкін. Өйткені, ол кәсіпқой мен әуескойда мол тәжірибе мен басым күшке ие. Юбэнк 34-те. Ол 41 жастағы Головкиннен жас және жекпе-жекте барын салатын жігіт. Кристің жаттықтырушысы Брайан Макинтайр Головкиннің жойқын шабуылын клинч арқылы жоққа шығаруға жоспар құрады. Юбэнктің Лиам Смитпен болған жекпе-жегінің алғашқы раундтарында Смиттің шабуылға шығуына жол бермегенін көрдік», – дейді Boxingnews24.com сайтының шолушысы Уилл Аронс.

● МАРАФОН

Әлия ерледі

Астанада өткен «Astana Marathon-2023» халықаралық марафоны мәресіне жетті. Жарысқа Қазақстан, Аустралия, Ұлыбритания, Германия, Польша, Португалия, Ресей, Испания, АҚШ, Нидерланды, Өзбекстан және Оңтүстік Корея сияқты шет елдерден екі мыңға жуық желаяқ қатысты.

Тартысты өткен додада 42,2 шақырым қашықтықта қыздар арасында II орынға Нұра ауданының тумасы Әлия Тұранова ие болды. Әлия марафонды 03:06:011 уақытта жүгіріп өткен.

– 5-11 сыныпта шаңғымен айналыстым. Студент атанған соң спорт жайына қалды. Ауырдым. 2018 жылы бірінші рет 10 шақырымдық марафонға қатыстым. Сонда 21, 42, 80 шақырымдық марафондар туралы естіп, қызықтым. Қазірге дейін түрлі марафонға қатысып, жеңдім. 80 шақырымға жүгіріп, үшінші келгенмін. Қазір «Tengri runners» клубында жаттығамын. Алда Зерендіде 21,1 шақырымдық марафонға дайындалып жатырмын, – деді Әлия Ерденқызы.

● КЕЗДЕСУ

Ақын оқырманымен жүздесті

Ақынның айтары бар. Қарағанды қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі, Мұхтар Әуезов атындағы орталық кітапханада ақын, жазушы, ұстаз, «Мирас» балалар өнер мектебінің оқытушысы Сұлтан Дәулетханұлы оқырмандарымен кездесті. Тағылымды шараны қалалық мәдениет, тілдерді дамыту, дене тәрбиесі және спорт бөлімі ұйымдастырды. Мақсаты – ақын шығармашылығын насихаттау.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кездесуге келген меймандардың қарасы қалың болды. Кітапхана оқырмандарынан бөлек мектеп ұстаздары мен Сұлтан Дәулетханұлының қаламдастары да келді. Қазақ әнінің жарық жұлдызы, дарынды әнші, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Дәуренбек Әркенов те көрермен қатарында. Ол ақынның сөзіне жазылған «Аяулы ана» атты авторлық әнін шырқады.

Шара барысында ақын өлеңдерін оқып, өзінің шығармашылығы хақында ой толғады. Оқырманның сауалдарына жауап берді. Мәнді сұхбаттың арасында әнге де кезек беріліп отырды. Арнайы келген құрметті қонақтар да сөз алып, Сұлтан Дәулетханұлының өлеңдері мен оның азаматтығы жайында пікір білдірді. Сөз сөйлегендер оның ұстаздығы да бір төбе екендігін айтты.

– Сұлтан Дәулетханұлы – жас буынға артында өлмес сөз қалдырған ұлы бабалардың мұрасын дәріптеп, олардың кеудесіне отансүйгіштік деп аталатын қастерлі қасиетті дарытып жүрген білікті ұстаз. Еңбекқор, кішіпейіл нағыз азамат, – деді Жамбыл Жабаев атындағы мамандандырылған мектеп-лицей интернатының мұғалімі, Сұлтан Дәулетханның мектептегі ұстазы Шолпан Тойжанова.

Сұлтан Дәулетханұлы оқырманына «Атажұртқа тағзым» атты жыр жинағымен таныс. Кітапқа мұңсыз, аңсары жоқ пендеге беймәлім оттай ыстық, таудай биік сағыныштан жазылған өлеңдер енген. Сағынышы – тағдыр желі жырақтатқан қасиетті Атамекені.

Ақын 1980 жылы Моңғолияның Бай-Өлке аймағында дүниеге келген. Атамекенге 1992 жылы оралған.

Халықаралық «Шабыт» фестивалінің дипломаты, Халық қаһарманы Жұмабек Тәшенов атындағы «Жылдың үздік жазушысы» сыйлығының жүлдегері, «Ауылым – алтын тұғырым» республикалық әдеби байқауының «Ахмет Байтұрсынов» атындағы арнайы жүлде иегері, Ақселеу Сейдімбеков атындағы облыстық жас қаламгерлер байқауының жеңімпазы. Сұлтан Дәулетханұлының есімі «Қарағанды облысының білім саласындағы 100 жаңа есім» кітабына енгізілген.

– Бүгінгі кездесуден тамаша әсер алдым. Оқырманмен сұхбаттасу керемет. Ұйымдастырушыларға алғысымды айтамын. Кітапханаға оқырманың көбейе берсін деп тілек білдіремін, – деді Сұлтан Дәулетханұлы.

Суретті түсірген **автор**

● СПОРТ ФЕСТИВАЛІ

Үш мың адам қамтылады

Балқашта спорт фестивалінің жалауы желбіреді. Үш мыңға жуық адамды қамтуды көздеген саламатты өмір салтын насихаттайтын спорт шарасы қыркүйек айының соңына дейін жалғаспақ. Спорт мерекесі өткен демалыс күндері ардагерлер арасында ашық волейбол турнирімен басталды.

Оған Балқаш қаласы мен Ақтоғай, Шет аудандарынан алты команда қатысты. I орынды балқаштық «Жібек жолы» командасы жеңіп алды. II орынға «Қазақмыс» командасы, III орынға ақтоғайлықтар ие болды.

– Балқашта мұндай ауқымды фестиваль алғаш рет өтіп жатыр. Волейбол мен баскетболдан ашық турнирлер мен қала әкімінің кубогына арналған шағын футбол лигасын, жасөспірімдер арасында бокстан және еркін күрестен республикалық турнирлер өткізуді жоспарладық. 23 қыркүйекте қорытынды жеңілатлетикалық жарыс өтеді, – дейді мәдениет, тілдерді дамыту, денешынықтыру және спорт бөлімі басшысының міндетін атқарушы Ізбасар Шәкенов.

Дайындаған
Жәлел ҚУАНДЫҚҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор – **Қ.Ж. ӘБІЛДА**
Директордың орынбасары – «Индустриальная Караганда» газетінің бас редакторы – **О.В. МЯГКИХ**
Директордың орынбасары – **Г.Ш. ЖҰМАДІЛДИНОВА**
Бас редактордың орынбасары – **Қ.А. АЙТЖАН**
Бас редактор – **Е.К. МҰСАБЕК**
Сайт редакторы – **І.Д. МҰҚАЙ**
Жауапты хатшы – **Ж.Қ. ШАЛҚАР**

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
● Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
● Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
● Материалдың жариялану ақысы төленген ®

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru

Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826M0KZTD2003131,
БИК KCJBKZKX БИН 000840001412

Таралымы 4 396

№ 99 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Жан АМАНТАЙ**